



**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары  
Жеке қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың есебі**

**2015 жылғы 31 желтоқсан**

## Мазмұны

### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

#### ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы жеке есеп .....	1
Пайда және шығын және өзге жиынтық табыс туралы жеке есеп .....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп .....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп .....	4

#### ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР:

1	Компания және оның операциялық қызметі .....	6
2	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері .....	6
3	Жаңа есептік ережелері .....	12
4	Байланысты тараптармен есептеулер және операциялар .....	16
5	Негізгі құралдар .....	19
6	Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы инвестициялар .....	20
7	Берілген несиелер .....	22
8	Басқа да ұзақ мерзімді активтер .....	23
9	Дебиторлық берешек .....	23
10	Басқа да қысқа мерзімді активтер .....	23
11	Ақша қаражаты және олардың баламалары .....	24
12	Акционерлік капитал .....	24
13	Несиелер .....	25
14	Қаржылық кепілдіктер .....	27
15	Басқа кредиторлық берешектер және аударылған міндеттемелер .....	27
16	Акционер алдындағы міндеттемелер .....	27
17	Жалпы және әкімшілік шығыстар .....	28
18	Қаржылық кірістер .....	28
19	Қаржылық шығыстар .....	28
20	Басқа операциялық шығыстар .....	28
21	Табыс салығы .....	29
22	Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер .....	31
23	Санаттар бойынша қаржылық құралдар .....	33
24	Қаржылық тәуекелдерді басқару .....	34
25	Қаржылық құралдардың әділ құны .....	37
26	Есеп беру күнінен кейінгі жағдай .....	38

## **ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ**

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ Акционерлеріне және Директорлар кеңесіне

Біз «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ жеке қаржылық есептілігіне, оның ішінде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы жеке есебіне, жәнеде жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі пайда немесе шығын және басқада жиынтық табыс туралы жеке есепке, капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепке, ақша қаражаттарының қозғалысы жөнінде жеке есепке, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуы және басқа да түсіндірме ақпараты бар ескертпеден тұратын қосымша берілген қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

### *Басшылықтың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі*

Басшылық осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуына және дұрыс ұсынылуына және алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан айтарлықтай бұрмаланбаған, басшылықтың қаржылық есептілікті жасауға қажетті деп санайтын ішкі бақылауына жауапкершілік алады.

### *Аудитордың жауапкершілігі*

Біздің жауапкершілігіміз біздің жүргізген аудиттің негізінде осы қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіруден тұрады. Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар этикалық нормаларды орындауды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің аса маңызды бұрмаланулары жоқ деген орынды сенімділікке ие болатындай, аудитті жоспарлауды және жүргізуді талап етеді.

Аудит қаржылық есептіліктің сандық көрсеткіштерін және ондағы ақпараттың ашып көрсетілгенін растайтын аудиттік дәлелдер алуға бағытталған рәсімдер жүргізуден тұрады. Рәсімдерді таңдау алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан қаржылық есептіліктің айтарлықтай бұрмалану тәуекелін бағалауды қосқандағы, аудитордың кәсіби пайымдауына байланысты болады. Осы тәуекелдерді бағалау барысында аудитор ұйымның ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікірін білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін қаржылық есептілікті жасау және дұрыс ұсынуды ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Аудит сонымен қатар қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын бағалаудан және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаулардың дәлелділігін бағалаудан, сондай-ақ жалпы қаржылық есептілікті ұсынуды бағалаудан тұрады.

Біздің алған аудиторлық дәлелдеріміз өзіміздің пікірімізді білдіруге жеткілікті және лайықты деп есептейміз.



## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ (жалғасы)

2 бет

### Аудитордың пікірі

Біздің ойымызша, жеке қаржылық есептілік «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес барлық маңызды жақтарынан анық көрсетеді.

*Pricewaterhousecoopers LLP*

Алматы, Қазақстан  
2016 жылғы 3 наурыз

Бекітілді және қол қойылды:

Дана Инкарбекова  
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС  
Басқарушы директоры  
(Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің  
1999 жылғы 21 қазандағы №0000005  
Бас мемлекеттік лицензиясы,  
2000 жылғы 18 қаңтардағы №0000492  
Біліктілік куәлігі)



**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Қаржылық жағдай туралы жеке есеп**

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	2015 ж. 31 желтоқсан	2014 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелді) *
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	5	839,024	1,160,260
Материалдық емес активтер		1,102,744	812,966
Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақыланатын компанияларға салынған инвестициялар	6	552,345,214	534,318,517
Берілген несиелер	7	48,608,373	30,452,681
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	8	3,118,461	1,375,724
<b>Барлық ұзақ мерзімді активтер</b>		<b>606,013,816</b>	<b>568,120,148</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Дебиторлық берешек	9	2,103,822	1,090,729
Тауарлық-материалдық қорлар		29,905	48,500
Берілген несиелер	7	16,339,333	7,154,087
Басқа да қысқа мерзімді активтер	10	30,467,842	27,701,304
Ақша қаражаты және олардың баламалары	11	6,635,292	9,280,080
<b>Барлық қысқа мерзімді активтер</b>		<b>55,576,194</b>	<b>45,274,700</b>
<b>БАРЛЫҚ АКТИВТЕР</b>		<b>661,590,010</b>	<b>613,394,848</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	12	355,650,405	355,364,386
Басқа резервтік капитал		91,668,501	19,086,598
Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын)		(39,940,758)	2,767,227
<b>БАРЛЫҚ КАПИТАЛ</b>		<b>407,378,148</b>	<b>377,218,211</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Несиелер	13	234,201,959	218,514,149
Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдік	14	1,644,699	966,262
<b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>		<b>235,846,658</b>	<b>219,480,411</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Несие	13	14,299,257	16,042,705
Басқа кредиторлық берешектер және аударылған міндеттемелер	15	2,826,048	384,955
Акционерлер алдындағы міндеттемелер	16	1,174,065	-
Басқа да төленетін салықтар		65,834	264,134
Қысқа мерзімді қаржылық кепілдік	14	-	4,432
<b>Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны</b>		<b>18,365,204</b>	<b>16,696,226</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		<b>254,211,862</b>	<b>236,176,637</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ</b>		<b>661,590,010</b>	<b>613,394,848</b>

Басшылық атынан 2016 жылғы 3 наурызда қол қойылды.

Мақсұтов Қайрат Берікұлы  
«Қаржы» Басқарушы директоры

Тулекова Сәуле Бекзадақызы  
«Қаржы және салық есебі»  
департаментінің директоры – Бас есепші

\* - салыстырмалы ақпарат сату үшін шығарылған топтардың активтер мен міндеттемелерін ауыстыруды көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

6-беттен 38-бетке дейінгі ұсынылған ескертулер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Пайда мен шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есеп**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Ескерту</b>	<b>2015 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
Дивиденд бойынша кірістер		16,040,425	20,399,352
Басқа кірістер		957,776	916,299
Басқа операциялық шығыстар	20	(258,333)	(929,631)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	17	(5,025,776)	(4,396,764)
<b>Негізгі қызметтен түскен пайда</b>		<b>11,714,092</b>	<b>15,989,256</b>
Қаржылық кірістер	18	22,758,425	5,343,929
Қаржылық шығыстар	19	(18,250,452)	(20,026,874)
Курс бағамы айырмасынан болған шығынды шегергендегі пайда		(55,166,652)	11,558,815
<b>Салық салынғанға дейінгі (шығын)/пайда</b>		<b>(38,944,587)</b>	<b>12,865,126</b>
Табыс салығы бойынша шығын	21	(277,567)	(517,916)
<b>Жыл ішінде қызметті жалғастырудан түскен барлық (шығын)/пайда</b>		<b>(39,222,154)</b>	<b>12,347,210</b>
Жыл ішінде тоқтатылған қызметтен түскен пайда	6	2,469,307	-
<b>Жыл ішіндегі барлық (шығын)/пайда</b>		<b>(36,752,847)</b>	<b>12,347,210</b>
Өзге де жиынтық кіріс		-	-
<b>Жыл ішіндегі барлық жиынтық (шығын)/кіріс</b>		<b>(36,752,847)</b>	<b>12,347,210</b>

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескер- ту	Акционерлік капитал	Басқа резервтік капитал	Бөлінбеген пайда/(Жабыл маған шығын)	Капитал жиыны
<b>2014 жылдың 1 қаңтардағы қалдық</b>		<b>233,946,269</b>	<b>19,086,598</b>	<b>(1,910,470)</b>	<b>251,122,397</b>
Жыл ішіндегі пайда		-	-	12,347,210	12,347,210
Жыл ішіндегі барлық жиынтық кіріс		-	-	12,347,210	12,347,210
Акционерлік капиталдың өсуі	12	21,418,117	-	-	21,418,117
Самұрық-Қазынадан алған несиені бастапқы танудан түскен кіріс	13	-	18,922,380	-	18,922,380
Самұрық-Қазынадан алған несиені бастапқы танудан түскен кірісті жою	13	100,000,000	(18,922,380)	501,091	81,578,711
Төленген дивидендтер		-	-	(8,170,604)	(8,170,604)
<b>2014 жылдың 31 желтоқсандағы қалдық</b>		<b>355,364,386</b>	<b>19,086,598</b>	<b>2,767,227</b>	<b>377,218,211</b>
Жыл ішіндегі шығын		-	-	(36,752,847)	(36,752,847)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық шығын		-	-	(36,752,847)	(36,752,847)
Акционерлік капиталдың өсуі	12	286,019	-	-	286,019
Самұрық-Қазынадан алған несиені бастапқы танудан түскен кіріс	13	-	72,581,903	-	72,581,903
Акционерге өзге де бөлулер	16	-	-	(1,174,065)	(1,174,065)
Дивиденд төлеу		-	-	(4,781,073)	(4,781,073)
<b>2015 жылдың 31 желтоқсандағы қалдық</b>		<b>355,650,405</b>	<b>91,668,501</b>	<b>(39,940,758)</b>	<b>407,378,148</b>

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп**

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	2015 ж.	2014 ж.
<b>Операциялық қызметтер бойынша ақша қаражатының қозғалысы:</b>			
Салық салынғанға дейінгі (шығын)/пайда		(38,944,587)	12,865,126
Түзетулер:			
Дивидендтер бойынша кірістер		(16,040,425)	(20,399,352)
Тозу және амортизация		311,444	342,131
Қаржылық шығыстар	19	18,250,452	20,026,874
Қаржылық кірістер	18	(22,758,425)	(5,343,929)
Курс бағамы айырмашылығынан түскен шығын/(пайда)		55,166,651	(11,558,815)
Активтердің құнсыздануы бойынша шығыстар		5,441	-
Активтерді шығарудан келген шығындар		194,678	-
Басқа кірістер		(59,981)	(646,521)
<b>Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтерде қолданылған ақша қаражаттары:</b>			
		<b>(3,874,752)</b>	<b>(4,714,486)</b>
Тауарлық-материалдық қорлардың кемуі/(өсуі)		18,594	(8,058)
Басқа қысқа мерзімді активтердің және дебиторлық берешектің (өсуі)/кемуі		(2,759,861)	1,357,433
Басқа кредиторлық берешектердің кемуі/(өсуі)		4,361,908	(50,536)
Басқа салықтар бойынша берешектердің өсуі/(кемуі)		(253,602)	195,569
<b>Операциялық қызметтерде қолданылатын ақша қаражаты</b>			
		<b>(2,507,713)</b>	<b>(3,220,078)</b>
Төленген табыс салығы		(277,568)	(517,916)
Алынған дивидендтер		16,632,948	18,214,833
Төленген пайыздар		(16,571,452)	(16,891,082)
<b>Операциялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаты</b>			
		<b>(2,723,785)</b>	<b>(2,414,243)</b>
<b>Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(1,741,497)	(2,217,677)
Еншілес компанияларды сатып алу		(8,906,910)	(259,489,068)
Еншілес компанияларды сатудан түскен түсімдер		370,396	45,500
Еншілес компанияларға және бірге бақыланатын кәсіпорындарға берілген несиелер мен қаржылай көмек		(5,739,271)	(8,700,000)
Берешектік құралдарды сатып алу		(12,984,109)	(10,393,116)
Еншілес компаниялардың жарғылық капиталына салымдар		(6,306,761)	(6,059,620)
Банктік салымдарды орналастыру, нетто		15,709,993	38,623,743
Алынған пайыздар		4,772,498	4,564,033
Еншілес компанияларға және бірге бақыланатын кәсіпорындарға берілген қаржылай көмекті жабудан түскен түсімдер		2,539,091	14,868,398
Қаржылық құралдарды сатудан түскен түсімдер		2,369,001	412,739
Қаржылық құралдарды өтеуден түскен түсімдер		6,163,000	-
Басқалар		(459)	488,095
<b>Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақшалай қаражаттар</b>			
		<b>(3,755,028)</b>	<b>(227,856,973)</b>
<b>Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Акция эмиссиясынан түскен түсімдер	12	-	21,418,117
Облигацияларды өтеу		(2,970,000)	-
Несиелерден түскен түсімдер		68,498,000	208,943,000
Несиелерді өтеу		(56,743,000)	-

6-беттен 38-бетке дейінгі ұсынылған ескертулер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Ескерт.</b>	<b>2015 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
Самұрық-Қазынадан алынған несиелерді өтеу		(2,381,109)	(2,381,109)
Төленген дивидендтер		(4,781,073)	(8,170,605)
Басқа операциялар		(800,234)	(30,111)
<b>Қаржылық қызметте қолданылған таза ақша қаражаты</b>		<b>822,584</b>	<b>219,779,292</b>
Ақша қаражаттары және олардың баламаларына валюталардың айырбас бағамдары өзгеруінің әсері		3,011,441	17,181,022
<b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза (кемуі)/өсуі</b>		<b>(2,644,788)</b>	<b>6,689,098</b>
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	11	9,280,080	2,590,982
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>11</b>	<b>6,635,292</b>	<b>9,280,080</b>

## **1 Компания және оның операциялық қызметі**

«Самұрық-Энерго» АҚ (әрі қарай «Компания») 2007 жылғы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылдың 10 мамырында тіркелді. Компания Қазақстан Республикасының заңына сәйкес акционерлік қоғам түрінде құрылған.

Компанияның жалғыз акционері - Компанияның 100% акциясының иесі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры (әрі қарай «Самұрық-Қазына») болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы иесі болып табылады.

### ***Негізгі қызмет***

Компания электр мен жылу энергиясын және ыстық су өндіру және оны халық пен өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау және желідегі электр энергиясын техникалық үлестіру, су және жылу электр станцияларын салу, кері қайтарылатын электр энергиясы көздері құрылысын алу және пайдалану, сонымен қатар су электр станцияларының мүлкітік кешендерін жалға алумен байланысты қызметтерді жүзеге асыратын бірнеше компанияларды біріктіретін (б-ескерту) холдингті компания (бұдан әрі «Компания») болып табылады.

Компанияның мекен-жайы және қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы. Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 15А үй.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері**

### ***Қаржылық есептілікті дайындау негізі***

Бұл жеке қаржылық есептілік, қаржы құралдарының әділ құны жөніндегі бастапқы тануға жасалған түзетулері бар бастапқы құнды бағалау ұстанымына сүйене отырып, Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына (ХҚЕС) сай дайындалған. Әрі қарай жеке қаржылық есептілікті дайындауда қолданылған есеп саясатының негізгі ережелері ұсынылады. Бұл есеп саясатының ережелері ұсынылған мерзімдердің барлық есептіліктеріне қатысты жалғаспалы қолданылды.

Компания бұл жеке қаржылық есептілікті басшылыққа арнап дайындады.

Компания, сонымен қатар, Компанияға және оның еншілес компанияларына (әрі қарай «Топ») қатысты ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті де дайындады. Жеке қаржылық есептілікте дауыс беретін акциялардың жартысынан көбі Топқа тура немесе жанама тиесілі немесе Компания басқаша түрде олардың қаржылық және операциялық саясатын бақылай алатын, компания деп анықталған еншілес компаниялардың операциялары толығымен шоғырландырылған. Топтың шоғырландырылған қаржылық есебі келесі мекен-жайда орналасқан Компания кеңсесінде алынуы мүмкін: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

Қаржылық жағдай, операциялық қызметтердің нәтижелері және жалпы Компанияның қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық ақпаратты алу мақсатында қолданушылардың осы жеке қаржылық есептілікпен танысуы жағдайға қарай және 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікпен бірге жүргізілуі тиіс.

ХҚЕС сәйкес, қаржылық есептілікті дайындау бағалар мен болжамдарды пайдалануды талап етеді. Ол, сонымен қатар, басшылықтан Компанияның есептік саясатын қолдану үрдісінде кәсіби пікірлерді пайдалануды талап етеді. Пікірлер мен күрделіліктердің неғұрлым жоғары дәрежесімен ерекшеленетін аумақтар, немесе, болжамдар мен бағалар қаржылық есептілікке едәуір әсер ететін аумақтар 4-ескертуде ашылды, нақты нәтижелер олардың бағаларынан ерекшеленуі мүмкін.

### ***Айырбас бағамдары***

Шетелдік валютада көрсетіліп, қалдықтарды қайта есептеуде қолданылған ресми айырбас бағамы 2015 жылдың 31 желтоқсанында 1 АҚШ долларына 340.01 теңгені құрады (2014 ж. 31 желтоқсаны: 1 АҚШ долларына 182.35 теңге). Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасынан тысқары аймақтарда еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

### **Негізгі құралдар**

#### *(i) Тану және келесі бағалау*

Қажет болған жағдайда, негізгі құралдар есепке алуда жинақталған тозу мен құнсыздануды шегергендегі алғашқы құнымен көрсетіледі. Алғашқы құн импортқа баж алымын және саудалық шегерімдер мен қайтарып беруді алып тастағандағы сатып алу бойынша орны толмайтын салықтарды қоса алғанда, сатып алу құнынан, активті қажетті жеріне жеткізумен және мақсатты белгісі үшін жұмыс жағдайына көшірумен тікелей байланысты кез келген шығындардан тұрады. Шаруашылық тәсілмен дайындалған немесе қайта жаңғырған негізгі қорлардың нысандарының алғашқы құны шығындалған материалдардан, орындалған өндірістік жұмыстардан және өндірістік үстеме шығындардың бір бөлігінен тұрады.

Кейінгі шығындар осы активтің теңгерімдік құнына енеді немесе Компания осы активті пайдаланудан экономикалық пайда алу ықтималдығы болған жағдайда және оның құны сенімді бағаланатын болса, шоғырландырылған актив ретінде көрсетіледі. Жөндеу жұмыстарына және техникалық қызмет көрсетуге кететін барлық басқа активтер пайда болу шамасына қарай есеп беру кезеңіндегі пайда және шығынға жатқызылады.

Негізгі құралдардың істен шығуынан келетін пайда немесе шығын алынған төлем мен олардың баланстық құнының айырмашылықтарының сомасында, басқа операциялық табыстар немесе шығындар құрамында бір жылдық пайда немесе шығында көрсетіледі.

#### *(ii) Тозу*

Негізгі құралдардың басқа нысандарының тозуы олардың алғашқы құнынан олардың пайдалы пайдалану мерзімі барысында жойылу құнына дейін бір қалыпты есептен шығару әдісі бойынша есептеледі, оның ішінде:

Пайдалы қолдану мерзімі  
(жыл саны)

Басқа негізгі құралдар

3 – 10

Активтің жойылу құны оның жасы мен пайдалы қолдану мерзімінің соңында күтілетін техникалық жағдайы сәйкес келеді деген болжамға байланысты, Компания осы сәтте сату шығынын шегеріп тастағандағы активті сатудан алатын ықтимал соманы бағалауды көрсетеді. Егер Компания нысанның физикалық қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін оны пайдалануды қаласа, онда активтің жойылу құны нөлге тең. Активтердің жойылу құны мен олардың пайдалы қолдану мерзімдері қайта қаралады және, қажет болған жағдайда, әр есеп беру кезеңінің соңында түзетіледі.

#### *(iii) Құнсыздану*

Әр есеп беру кезеңінің соңында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгісі болуын анықтайды. Егер, осындай бір белгі анықталса, басшылық өтеу құнын: активті сату шығындарын шегергендегі әділ құнымен және оны пайдалану құндылықтарымен анықталатын ең үлкен екі шамамен бағалайды. Активтің теңгерімдік құны өтеу құнына дейін азаяды; құнсызданудан келген шығыс бір жылдық пайда немесе шығында көрсетіледі. Өткен есеп беру кезеңінде танылған, активтің құнсыздануынан келген шығын егер активті пайдалануда құндылықтарды немесе сату шығындарын шегергендегі әділ құнын анықтауда салынған есептік бағалаулар өзгерсе, қалпына келеді.

### **Материалдық емес активтер**

Компанияның барлық материалдық емес активтерінде пайдалы қолданудың белгілі бір мерзімдері бар және олар көбінесе капиталданған бағдарламамен қамтамасыз ету кіреді. Сатылып алынған бағдарламамен қамтамасыз ету оны сатып алуға кеткен және пайдалануға енгізген шығындар сомасында капиталданады. Барлық материалдық емес активтер басшылықтың 3 жылдан 5 жылға дейін бағаланған, олардың пайдалы қолданылу мерзімі бойында турасыздықты әдіспен амортизацияланады.

Құнсыздану жағдайында материалдық емес активтердің теңгерімдік құны ең үлкен шамаларға: оларды пайлану құндылықтарына және сатуға кеткен шығындарды шегеріп тастағандағы әділ құнына дейін есептен шығарылады.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

### ***Еншілес компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар***

Осы жеке қаржылық есептіліктің мақсаты үшін осындай инвестицияларды есептегенде Компания қордың құнсыздануын шегергендегі алғашқы құн әдісін қолданады.

#### ***Қаржы құралдары***

##### ***(i) Бағалаудың негізгі шарттары***

Компанияның қаржылық құралдары төменде жазылғандай амортизациялық құн бойынша есептеледі.

Амортизацияланған құн есептелген пайыздарды қоса, негізгі қарызды шегергендегі активтің алғашқы құнын, ал қаржылық активтер үшін – құнсызданудан болған шығынды кез-келген есептен шығаруды шегергендегі алғашқы құнын көрсетеді. Мәміле бойынша есептелген пайыздарға шығындарды алғашқы танығандағы мерзімі кейінге қалдырылғандардың амортизациясы, сонымен қатар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданғандағы өтеу сомасынан дисконт немесе кез келген сыйақылар жатады. Аударылған купондық табысты және амортизациялық дисконтты немесе сыйақыны (мұндай бар болғанда, комиссияға ұсынғанда кейінге қалдырылғанмен бірге) қоса есептелген пайыздық табыстар және есептелген пайыздық шығындар жеке-дара көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы есептіліктің сәйкес баптарының теңгерімдік құнына қосылады.

Мәміле бойынша шығындар қосымша шығындар болып табылады және ол қаржы құралын сатып алумен, шығарумен немесе істен шығарумен тікелей байланысты. Қосымша шығындар – бұл мәміле жасалмаса, болмайтын шығындар. Мәміле бойынша шығындарға агенттің (сауда агенттері ретінде қатысатын қызметкерлерді қоса) кеңесшілерге, брокерлерге және диллерлерге төленген сыйақылары мен комиссиянерлік сыйақылары, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдар, сонымен қатар меншікті табыстауда алынатын салықтар мен алымдар жатады. Мәміле бойынша шығындарға несиелік міндеттемелер бойынша сыйақылар мен дисконттар, қаржыландыруға кеткен шығындар, ішкі әкімшілік шығындар немесе сақтауға кеткен шығындар жатпайды.

Пайыздық тиімді мөлшерлеме әдісі – бұл құралдың теңгерімдік құнын тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатында, сәйкес мерзім ішіндегі пайыздық табысты немесе пайыздық шығынды мойындау әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құралдың күтілетін әрекет ету мерзіміне, немесе қаржылық құралдың таза теңгерімдік құнына дейін неғұрлым қысқа мерзімде сәйкес жағдайларда, келешектегі есептік ақша төлемдерін немесе түсімдерді (кредит бойынша келешектегі шығыстарды қоспағанда) дисконттаудың дәл мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы көрсетілген құрал үшін құбылмалы мөлшерлеме бойынша кредиттік спред көрсетілетін немесе нарықтық мәнге тәуелді бекітілмейтін, басқа ауыспалы факторлар бойынша сыйлықақылар мен дисконттарды қоспағанда, пайыздың келесі өзгеретін күніне дейін құбылмалы мөлшерлемені құралдар бойынша ақша ағымын дисконттау үшін қолданылады. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құрал айналымының барлық күтілетін мерзімі ішінде амортизацияланады. Дисконтталған құнның есебі тиімді пайыздық мөлшерлеменің бөлінбейтін бөлігін құрайтын келісімшарттың тараптарынан алынған немесе төленген барлық комиссиянерлік сыйақыларды қамтиды.

##### ***(ii) Қаржылық активтердің жіктелуі***

Компанияның қаржылық активтері несиелер мен дебиторлық берешектерді қамтиды. Басшылық өз қаржылық активтерінің жіктелуін алғашқы мойындау кезінде анықтайды.

Несиелер мен дебиторлық берешектер белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін, Компания жақын уақытта сата қоймайтын, белгіленген немесе анықталатын төлемдерден басқа өндірілмейтін қаржылық активтерді көрсетеді. Олар өтеу мерзімі есеп беру кезеңінен кейін 12 айдан аспайтын несиелер мен дебиторлық берешектерден басқа қысқа мерзімді активтерді қамтиды. Олар ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі.

##### ***(iii) Қаржылық міндеттемелердің жіктелуі***

Компанияның қаржылық міндеттемелері амортизациялық құны бойынша ескерілетін қаржылық міндеттемелерді көрсетеді.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

### *(iv) Қаржы құралдарын алғашқы тану*

Қаржылық активтер мен міндеттемелер бастапқыда мәміле бойынша шығындарды шегергеннен кейінгі әділ құн бойынша мойындалады. Алғашқы мойындауда әділ құнды анықтаудың ең оңтайлы негізі - мәміле бағасы болып табылады. Егер мәміле бағасы мен сондай құралдармен басқа қолжетімді ағымдағы нарықтық мәмілелермен салыстыру жолымен, немесе тек бар нарықтардың мәліметтерін өзгермелі түрде қолданатын бағалау әдістемесінің көмегімен анықталған әділ құн арасында айырмашылық болса, пайда немесе шығын алғашқы мойындауда мойындалады.

### *(v) Қаржылық активтерді тануды тоқтату*

Компания (а) қаржылық активтері сатылып алынған немесе қаржылық активтері бойынша ақша қаражатының ағымына талап қоюдың келісім-шарт құқықтарының мерзімі аяқталғанда; немесе (б) Компания қаржылық актив бойынша ақша қаражаты ағымын алуға келісім-шарттық құқық бергенде немесе Компания і); активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың маңызды бөлігін бермейтін жағдайда, немесе ii) және қаржылық активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданың маңызды бөлігін өзі бермейтін және сақтамайтын, бірақ осы қаржылық активтерді бақылауды сақтамайтын жағдайда активті беру туралы білікті келісім жасағанда қаржылық активтерді мойындауды тоқтатады. Егер контрагент тапсыру процесіне қосымша шектеулер салмастан, үшінші тарапқа байланысты емес толық көлемде осындай активті сата алмаса, бақылау сақталады.

### *(vi) Өзара есепке алу*

Қаржылық активтер және міндеттемелер есепке алынады, әрі қаржылық жағдай туралы есеп беруде көрсетілген сомаларды өзара есепке алуды жүргізудің заңды бекітілген құқығы болған жағдайда ғана, сонымен қатар не өзара есепке алуды жүргізуге, не бір уақытта активті жүзеге асырып, міндеттемелерді реттеуге ниет болғанда ғана оның таза шамасы көрсетіледі.

### **Жеткізушілерге берілетін аванстар**

Жеткізушілерге берілетін аванстар құнсыздану қорын шегергендегі алғашқы құн бойынша есептілікпен көрсетіледі. Аванстар, егер оларға жататын тауарларды немесе қызметтерді алудың күтілетін мерзімі бір жылдан асатын болса, немесе егер аванстар есепте алғашқы мойындауда ұзақ мерзімді деп көрсетілетін активтерге жатса, онда олар ұзақ мерзімді деп жіктеледі. Компания осы активтерді бақылауға алғанда және Компанияда олармен байланысты келешек экономикалық пайда ала алу ықтималдығы болғанда, активтерді сатып алуға кететін аванстардың сомасы олардың теңгерімдік құнына кіреді. Басқа аванстар оларға қатысы тауарлар немесе қызметтерді алған кезде есептен шығарылады. Егер авансқа жататын активтер, тауарлар немесе қызметтер алынбаса, аванстардың теңгерімдік құны азаяды, және құнсыздануға сәйкес, шығын бір жылдық пайда немесе шығын арқылы көрінеді.

### **Тауар-материалдық қорлар**

Тауар-материалдық қорлар ең аз екі мөлшер арқылы есептеледі: өзіндік құн және сатудың таза бағасы. Қорлардың өзіндік құны «first in first out» («ФИФО») әдісі бойынша анықталады. Дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құны шикізаттар мен материалдар құнын, өндірістік жұмыскерлердің еңбек ақысын, сонымен қатар өндірістік жүктемесінің сәйкес үлесін қамтиды, және қарыз қаражаттары бойынша шығындарды қамтымайды. Сатудың таза бағасы – бұл өндірістің аяқталуындағы шығындар мен тарату бойынша шығындарды алып тастағандағы қалыпты қызмет үрдісінде мүмкін болатын сатудың есептік бағасы.

### **Ақша қаражаты және олардың баламалары**

Ақша қаражатына және олардың баламаларына кассадағы ақша қаражаты мен ағымдағы банктік есеп шоттағы қаражаттар кіреді. Ақша қаражаты және олардың баламалары тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып есептелген амортизациялық құн бойынша көрсетіледі. Қолданылуы шектелген ақша қаражатының қалдықтары ақша қаражатының қозғалысы туралы есептілікті құрастыру мақсатында ақша қаражаты мен олардың баламаларының құрамынан шығарылып тасталады. Айырбастау операцияларына немесе есеп беру кезеңінен кейін ең аз дегенде он екі ай бойы міндеттемелерді жабу үшін қолдануға шектеу қойылған ақша қаражаты басқа ұзақ мерзімді активтер құрамына енгізіледі; есеп беру кезеңінен кейін үш айдан көп, бірақ он екі айдан аз уақыт ішінде шектеуі бар ақша қаражаттаты басқа қысқа мерзімді активтер құрамына енгізіледі.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

### ***Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер***

Ұзақ мерзімді активтер мен істен шыққан топтар (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтері болуы мүмкін), егер есеп беру кезеңінен кейін 12 ай ішінде сатудың арқасында олардың теңгерімдік құнының орны жабылса, онда қаржылық жағдай туралы есепте «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер, және істен шыққан топтар» деп көрсетіледі. Активтердің жіктелуі төменде көрсетілген барлық шарттар болған жағдайда өзгереді: (а) активтер олардың ағымдағы жағдайларына сай жылдам сатылуға дайын; (б) Компания басшылығы сатып алушыны іздеу бойынша әрекет ететін бағдарламаны бекітті және оны жүзеге асыруға кірісіп кетті; (в) активтердің ағымдағы әділ құнымен салыстырғанда дәйекті болып табылатын баға бойынша сату үшін белсенді маркетинг жүргізіледі; (г) сатылым бір жыл ішінде жүзеге асырылады деп күтіледі, және (д) сату жоспарында немесе оны жоюға едәуір өзгерістер күтілмейді.

Ағымдағы есеп беру кезеңінде қаржылық жағдай туралы есеп беруде жіктелген, сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер мен істен шығару топтары басқа санатқа ауыстырылмайды және ағымдағы есеп беру кезеңінің соңына жіктелімімен сәйкестендіру үшін қаржылық жағдай туралы есептіліктің салыстырмалы мәліметтерін ұсыну түрін өзгерпейді.

### ***Акционерлік капитал***

Қарапайым акциялар капитал сияқты жіктеледі. Жаңа акция шығарумен тікелей байланысты қосымша шығындар түсімдер сомасынан салықты алып тастағандағы шегерім ретінде капитал құрамынан көрінеді. Компанияның Директорлар Кеңесінің шешімімен акцияны әр жеке шығарғанда әр акцияның құны, сонымен қатар заңға сәйкес акция саны да анықталады.

### ***Несиелер***

Несиелер алғашқыда мәміле бойынша шығындарды шегергендегі әділ құн бойынша көрсетіледі, және одан кейін амортизациялық құн бойынша көрсетіледі; алынған қаражаттар сомасы (мәміле бойынша шығындарды шегергендегі) мен өтеу құны арасындағы айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып, кезең бойы пайда және шығыс ретінде мойындалады.

Нарықтық емес жағдайда акционерлерден алынған несиені ескергенде, Компания бір жылдық пайда және шығынды алғашқы мойындаудан түсетін табысты табыс деп немесе тікелей капиталдағы капиталға салым деп көрсетеді. Операцияның экономикалық мәнін көрсететін есеп тәртібі барлық ұқсас операцияларға тізбекті қолданылады және қаржылық есептілікте ашылады.

Мақсаты бойынша пайдалануға немесе сату үшін едәуір уақытты қажет ететін, сатып алуға, активтер құрылысына немесе өндірісіне тікелей қатысты несиелер бойынша шығындар (әрі қарай «белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер») капиталдандырылады. Несиелер бойынша басқа шығындар пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін қолдану арқылы шығындар құрамында мойындалады. Компания белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер бойынша капиталды шығындар шығармаса, болдырмауға мүмкіндік болатындай несиелер бойынша шығындарды капиталдайды. Капиталдаудың бастапқы күні төмендегі жағдайларда басталады: (а) Компания белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер бойынша шығындарды өзі алады; (б) несиелер бойынша шығындарды алады; және (в) активті оның мақсатты қолданылуына немесе сатылуына дайындауға қажетті іс-шараларды жүргізеді. Белгілі бір талаптарға жауап беретін активтерді оның мақсатты қолданылуына немесе сатылуына дайындауға қажетті барлық іс-шаралар аяқталғанда капиталдандыру тоқтатылады.

Компанияда есеп беру кезеңінен кейін міндеттемелер бойынша есептесу мерзімін он екі айдан кем емес мерзімге ауыстыруға сөзсіз құқық болмағанда, несиелер қысқа мерзімді міндеттемелер құрамында көрсетіледі.

### ***Кредиторлық берешек***

Кредиторлық берешек контрагенттің өзінің келісім-шарт міндеттемелерін орындау фактісі бойынша аударылады. Кредиторлық берешек алғашқыда әділ құн бойынша көрінеді, одан кейін пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі қолданылып, амортизациялық құн бойынша ескеріледі.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

### ***Еңбекақы шығыстары және байланысты аударымдар***

Еңбекақы шығындары, зейнетақы аударымдары, әлеуметтік сақтандыру қорына салымдар, жыл сайынғы төленетін демалыс және сырқаттану төлемдері, сыйақылар мен ақшалай емес жеңілдіктер Компания қызметкерлерінің жұмыстарын тиісінше орындағандарына қарай аударылады. Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес, Компания өз қызметкерлерінің атынан осындай зейнетақы және демалыстық жәрдемақы ұстап қалады. Жұмысшылар зейнеткерлікке шыққанда Компанияның қаржылық міндеттемелері тоқтайды, және барлық төлемдерді мемлекеттік және жеке меншік жинақтаушы зейнетақы қорлары жүргізеді.

### ***Табыс салығы***

Табыс салығы осы жеке қаржылық есептілікте есеп беру кезеңінде әрекет ететін немесе күшіне енген Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес көрсетілген. Табыс салығы бойынша шығындарға ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар кіреді және егер олар басқа жиынтық табыстар құрамында немесе, осы немесе басқа кезеңде басқа жиынтық табыс құрамында немесе, тікелей капитал құрамында көрсетілген операцияларға жатқызыландықтан капитал құрамында көрсетілмеуі тиіс болса, бір жылдық пайда немесе шығында көрсетіледі.

Ағымдағы салық ағымдағы немесе өткен кезең үшін салынатын пайда немесе шығынға қатысты мемлекеттік бюджеттен төлеу немесе орнын толтыру үшін болжамдалған соманы көрсетеді. Салық салынатын пайда немесе шығындар, егер сәйкес салық декларацияларын беруге дейін қаржылық есептілікте бекітілсе, бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Табыс салығынан басқа салықта операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

### ***Қаржы кепілдігі***

Қаржы кепілдігі – бұл Компаниядан егер тиісті дебитор уақытында қарыз құралы талаптары бойынша төлем жасамаған жағдайда кепіл ұстаушыға келтірілген шығындарды өтеу бойынша белгілі бір төлемдерді жүзеге асыру талап етілетін кері шақырылмайтын шарттар. Қаржы кепілдігі бастапқыда әдетте алынған комиссия сомасына тең әділ құнмен көрсетіледі. Бұл сома кепілдік әрекет ететін мерзім ішінде желілік әдіспен амортизацияланады. Әрбір кепілдік есебі күніне ең көп екі соманың бірі бағаланады: (i) бастапқы тану кезінде көрсетілген амортизацияланбаған сома; және (ii) есепті кезең соңындағы жағдай бойынша міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығыстардың ең үздік бухгалтерлік бағалау сомасы.

### ***Қаржылық есептілікті ұсынудағы өзгерістер***

2014 жылғы 24 шілдеде Директорлар кеңесі Үкіметтің активтерді жекешелендіру туралы қаулысына сәйкес бірнеше еншілес компанияларды сату бойынша жоспарды бекітті. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ШҚАЭК, ШЭТ, МРЭК, Ақтөбе ЖЭО, ЖГРЭС барлық инвестициялары сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге аударылды. 2015 жылғы 31 наурызда Компания «Тараз-Энерго 2005» ЖШС компаниясының ЖГРЭС үлесінің 50%-ын сату туралы шартқа қол қойды. Сату құны 2,469,307 мың теңгені құрады. Меншік құқығын өткізуді тіркеу 2015 жылғы 18 мамырда аяқталды. ШҚАЭК, ШЭТ, МРЭК және Ақтөбе ЖЭО 2015 жыл ішінде іске асырылмады.

2015 жылғы желтоқсанда ҚР Үкіметінің «2016-2020 жж. арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» жаңа қаулысы қабылданды. Аталған қаулы шеңберінде бұрын өткізілген шаралар мен рәсімдер күшін жояды, сату процесі ұзақтығы ішкі және сыртқы факторларға тәуелді болатын бірнеше кезеңнен тұрады.

Тұрақсыз экономикалық жағдайға байланысты Басшылық активтерді сату тәртібі және іске асыру мерзімінде кейбір түсініксіз жағдайлар бар деп есептейді. Бұған қоса, осы ұзақ мерзімді активтер, бұрын жоспарланғандай, 2015 жыл ішінде іске асырылмады. Басшылық ұзақ мерзімді активтер 2016 жыл ішінде сатылмауы мүмкіндігі бар екендігін бағалады. Соған байланысты, ШҚАЭК, ШЭТ, МРЭК, Ақтөбе ЖЭО инвестициялары 2015 жылғы 31 желтоқсанда еншілес компаниялардағы және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы инвестицияларды сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерден ауыстырылды. Салыстырмалы ақпарат сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерден ауыстыру нәтижелерін көрсету үшін қайта есептелді. 2014 жылы 31 желтоқсанда ШЭТ ШҚАЭК-тің тікелей еншілес кәсіпорны, ал Ақтөбе ЖЭО АЖК-ның тікелей еншілес кәсіпорны болды, сәйкесінше, Компанияның еншілес компаниялары мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарына салынған инвестицияларға 2014 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ШЭТ пен Ақтөбе ЖЭО-ға салынған инвестиция кірмейді.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Бастапқы ұсынылған сома 31 желтоқсан 2014 ж.</b>	<b>МРЭК</b>	<b>ШҚАЭК</b>	<b>31 желтоқсан 2014 ж. (қайта есептелді)</b>
<b>АКТИВТЕР</b>				
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>				
Негізгі құрал	1,160,260	-	-	1,160,260
Материалдық емес активтер	812,966	-	-	812,966
Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы инвестициялар	525,809,479	785,297	7,723,741	534,318,517
Берілген несиелер	30,452,681	-	-	30,452,681
Басқа ұзақ мерзімді активтер	1,375,724	-	-	1,375,724
<b>Барлық ұзақ мерзімді активтер</b>	<b>559,611,110</b>	<b>785,297</b>	<b>7,723,741</b>	<b>568,120,148</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>				
Дебиторлық берешек	1,090,729	-	-	1,090,729
Тауар-материалдық қорлар	48,500	-	-	48,500
Берілген несиелер	7,154,087	-	-	7,154,087
Басқа қысқа мерзімді активтер	27,701,304	-	-	27,701,304
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	9,280,080	-	-	9,280,080
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	8,509,038	(785,297)	(7,723,741)	-
<b>Барлық қысқа мерзімді активтер</b>	<b>53,783,738</b>	<b>(785,297)</b>	<b>(7,723,741)</b>	<b>45,274,700</b>
<b>БАРЛЫҚ АКТИВТЕР</b>	<b>613,394,848</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>613,394,848</b>

**3 Жаңа есептік ережелері**

Компания үшін 2015 ж. 1 қаңтарынан бастап келесі жаңа стандарттар мен түсіндірулер күшіне енді:

**ХҚЕС (IAS) 19-ға түзетулер – «Бекітілген төлемдер мен зейнетақы жоспарлары: жұмыскерлер жарналары» (2013 жылдың қараша айында шыққан және 2014 ж. 1 шілдесінен басталатын жылдық кезең үшін күшіне енеді).** Түзету кәсіпорындарға жұмыскерлердің жарналарының сомалары оның еңбек өтілінің жылдарына байланысты болмаса, оның қызмет еткен мерзіміне жатқызудың орнына, жұмыскер тиісті қызметтерді атқарған кезеңде қызметтердің құнын азайту ретінде жұмыскерлердің жарналарын тануға рұқсат етеді. Стандарттың бұл түзетулері Компанияға айтарлықтай ықпал етпеді.

**ХҚЕС-тын жыл сайын жетілдіру, 2012 ж. (2013 ж. желтоқсанда шыққан және 2014 ж. 1 шілдесінде немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезең үшін күшіне енеді. Егер басқаша көрсетілмесе, күшіне енеді).** Жетілдірілу жеті стандарттағы өзгерістерді көрсетеді. ХҚЕС (IFRS) 2–де («өту шарты» түсінігіне анықтаманы нақтылау үшін түзетулер енгізілген және «қызмет нәтижелеріне жету шарттары» және «қызмет мерзімінің шарты» үшін шоғырландырылған анықтамалар енгізілген. Түзету төлемдерінің ұсыну күні 2014 ж. 1 шілдесінде немесе неғұрлым кейінгі күнге келетін, акцияларға негізделген операциялар үшін күшіне енеді. ХҚЕС (IFRS) 3-те (1) қаржылық құралдың анықтамасына жауап беретін шартты өтем төлемі бойынша міндеттемелер қаржылық міндеттемелер немесе ХҚЕС (IAS) 32 негізінде капитал ретінде жіктеледі және (2) қаржылық және қаржылық емес капитал болып табылмайтын кез келген шартты өтеу әр есеп беру күнінде әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгерісі пайда немесе шығында көрсетіледі. ХҚЕС (IFRS) 3-ке енгізілген түзетулер сатып алу күні 2014 ж. 1 шілдесінде немесе неғұрлым кейінгі күнге келетін біріккен бизнес үшін күшіне енеді.

### **3 Жаңа есеп ережелері (жалғасы)**

Қайта қаралған ХҚЕС (IFRS) 8 сәйкес, (1) агрегатталған сегменттердің ұқсас экономикалық ерекшеліктері бар деген фактіні бекіткенде бағаланған агрегатталған сегменттер мен экономикалық көрсеткіштердің сипаттамаларын қоса, операциялық сегменттерді агрегаттағанда шығарылған басшылардың кәсіби пікірлеріне қатысты ақпараттарды ашу, және (2) сегмент активтерінің есептемелерінде көрсеткенде, сегмент активтері мен компания активтерін салыстыруды жүргізу қажет. ХҚЕС (IFRS) 13-тегі қорытындылар үшін негізіне енгізілген түзетулер ХҚЕС (IFRS) 13 жарияланғаннан кейін ХҚЕС (IAS) 39-ғы кейбір абзацтарды жою шотта көрсетілген дебиторлық және кредиторлық берешектерді бағалау мүмкіндігін жою үшін емес, дисконттаудың әсері мәнді болып табылмайтындықтан жасалды. ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38-де кәсіпорын құнды қайта бағалау бойынша есеп үлгісін қолданғанда, жиынтық баланстық құн мен жинақталған амортизация есепте қалай көрсетілуі тиіс екендігін түсіндіретін түзетулер енгізілді. Қайта қаралған ХҚЕС (IAS) 24 сәйкес, байланысты тарап болып есеп беретін компанияның немесе есеп беретін компанияның аналық компаниясының («басқарушы компания») басқарушы аға қызметкерінің ұсынуы бойынша, қызмет көрсететін компания болып табылады және есеп беретін компанияның басқарушы компанияға көрсетілген қызметтер үшін аударылған сомалар туралы ақпаратты ашу қажеттілігі туралы талаптарды енгізеді. Аталған жетілдірулер Компанияға айтарлықтай ықпал етпеді.

**ХҚЕС жыл сайын жетілдіру, 2013 ж. (2013ж. желтоқсанда шыққан және 2014 ж. 1 шілдесінде басталатын кезең үшін күшіне енеді).** Жетілдіру төрт стандарттағы өзгерістерді көрсетеді. ХҚЕС (IFRS) 1 қорытындылары үшін негізіне енгізілген түзетулер стандарттың жаңа версиясы әлі міндетті болып табыламайды, бірақ мерзімінен бұрын қолданылуы мүмкін екендігін түсіндіреді; ХҚЕС бірінші рет қолданатын компания ұсынатын барлық есептілік кезеңдерінде бір ғана стандарт қолданған жағдайда ғана бұл стандарттың ескі немесе жаңа версиясын пайдалана алады. ХҚЕС (IFRS) 3-те бұл стандарт ХҚЕС (IFRS) 11 сәйкес кез келген біріккен қызметті қалыптастыруды есепке алуға қолданылмайтынын түсіндіретін түзету енгізілген. Бұл түзету сондай-ақ стандартты қолдану саласынан шығару біріккен кәсіпорынның өзіндегі қаржылық есептілік үшін ғана әрекет ететіндігін түсіндіреді. Кәсіпорынға қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді топтарының әділ құнын нетто-негізде бағалауға мүмкіндік беретін ХҚЕС (IFRS) 13-ке түзетулер ХҚЕС (IAS) 39 немесе ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану салсының шеңберіндегі барлық келісім-шартқа (қаржылық емес баптарды сату-сатып алу келісім-шарттарын қоса) қолданылады. ХҚЕС (IAS) 40-та ХҚЕС (IAS) 40 және ХҚЕС (IFRS) 3 стандарттары өзара шығарып тастайтын болып табылатындығын түсіндіреді. Басшылық ХҚЕС (IAS) 40-та есептілікті құраушыларға иесінің қолындағы инвестициялық мүлік пен қозғалмайтын мүлік арасындағы айырмашылықты жүргізуге көмектеседі. Есептілікті құрастырушыларға сондай-ақ, инвестициялық мүлікті сатып алу біріккен бизнес болып табыла ма, жоқ па, осыны білу үшін ХҚЕС (IFRS) 3 басшылығын оқып білу қажет. Аталған жетілдірулер Компанияға айтарлықтай ықпал етпеді.

2016 жылдың 1 қаңтарында және осы күннен кейін басталатын және Компания мерзімінен бұрын қабылдамаған Компанияның жылдық кезеңдері үшін міндетті болып табылатын жаңа стандарттар мен түсіндірмелердің бірқатары жарияланды:

**ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық институттар: жіктелуі және бағалау» (толықтырулармен, өзгерістермен 2014 ж. шыққан, 2018 жылдың 1 қаңтарында және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** Жаңа стандарттың негізгі ерекшелігі болып төмендегі табылады:

- Қаржылық активтер бағалаудың үш санаты бойынша жіктелуі тиіс: амортизациялық құн бойынша соңынан бағаланатын; өзгерісі басқа жиынтық табыс құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша соңынан бағаланатын; өзгерісі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша соңынан бағаланатын.
- Несиелік құралдардың жіктелуі қаржылық активтерді басқару бойынша кәсіпорынның бизнес-үлгісіне және келісім-шартта көрсетілген ақша қаражатының ағымдары тек негізгі қарыз бен пайыз есебіне төлемдер болып табыла ма, жоқ па, соған байланысты. Егер несиелік құрал ақша алуға арналған болса, егер ол да негізгі қарыз бен пайыздар есебіне төлемдерді ғана қарастыратын болса, ол амортизациялық құны бойынша ескеріле алады. Тек негізгі қарыз бен пайыз есебіне төлемдерді қарастыратын және қоржында ұстап тұратын несиелік құралдар, егер кәсіпорын оларды активтер бойынша ақша ағымдарын алу үшін ұстап қалса, және активтерді сатса, басқа жиынтық табыс құрамында артынша әділ құн бойынша бағаланатындай жіктелуі мүмкін. Құрамында ақша ағымы жоқ, тек негізгі қарыз бен пайыздар есебіне төлемдер болып табылатын қаржылық активтер әділ құн бойынша бағалануы қажет, бұл өзгерістер пайда немесе шығын құрамында көрінеді (мысалы, ерікті қаржылық құралдар). Кіріктірме ерікті құралдар қаржылық активтерден бөлінбейді, бірақ негізгі несиелер мен пайыздар есебіне төлемдерге ғана қарастырылатын шарттарды бағалауда ескеріледі.

### **3 Жаңа есеп ережелері (жалғасы)**

- Үлестік құралдарға салынған инвестициялар әрқашан әділ құн бойынша бағалануы тиіс. Сондай-ақ басшылық, егер құрал саудаға арналмаған болса, басқа жиынтық табыс құрамындағы әділ құнның өзгеруінің көрінісі туралы өзгеріске жатпайтын шешім қабылдай алады. Егер үлестік құрал саудаға арналса, онда әділ құнның өзгерісі пайда және шығын құрамында көрсетіледі.
- ХҚЕС (IAS) 39 қаржылық міндеттемелерді жіктеуге және бағалауға қатысты талаптарының көпшілігі ХҚЕС (IAS) 9-ға өзгеріссіз ауыстырылды. Негізгі айырмашылық болып кәсіпорынға басқа табыстар құрамындағы пайда және шығын құрамында әділ құн бойынша көрсетілетін санатқа жатқызылған қаржылық міндеттемелер бойынша өз несиелік тәуекелінің салдарының өзгерісін ашу бойынша қойылған талап табылады.
- ХҚЕС (IFRS) 9 құнсызданудан болған шығынды мойындаудың жаңа үлгісін енгізеді. Алғашқы мойындау сәтінен бастап қаржылық активтердің кредиттік сапасының өзгерісіне негізделген «үшкезеңді» тәсіл бар. Іс жүзінде жаңа ережелер кәсіпорынның қаржылық активтерді алғашқы мойындауда құнсызданудан несиелік шығын болып табылмайтын, 12 айлық күтілетін несиелік шығындар сомасындағы (немесе саудалық дебиторлық берешек үшін қаржылық құралдың барлық мерзімдеріндегі күтілетін несиелік шығындар сомасында) шығындарды бірден мойындауы тиіс екендігін көрсетеді. Егер несиелік тәуекел едәуір жоғарыласа, онда құнсыздану 12 айға күтілетін несиелік шығынға емес, қаржылық құралдардың күтілетін несиелік шығындарына байланысты бағаланады. Үлгі саудалық дебиторлық берешектерді және қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешектерді операциялық оңайлатуды қарастырады.
- Хеджирлеуді есепке алуға қойылатын талаптар тәуекелдерді басқаруды есепке алумен көбірек сәйкестендірілуі үшін түзетілді. Қазіргі уақытта стандарт макрохеджерлеу жағдайлары үшін есепке алуды қарастырмайтын болғандықтан, стандарт кәсіпорындарға хеджирлеу талаптарын қолдайтын есеп саясаты мен хеджирлеудің барлық құралдарына ХҚЕС (IFRS) 9-ды қолдануды жалғастырудың арасында таңдау мүмкіндігін береді.

Қазіргі уақытта Компания жаңа стандарттың қаржылық есептілікке қалай әсер ететіндігіне бағалау жүргізіп жатыр.

***ХҚЕС (IFRS) 14 «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылық шоттары» (2014ж. қаңтарында шыққан және 2016 ж. 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезең үшін күшіне енеді).*** ХҚЕС (IFRS) 14 ХҚЕС бойынша бірінші рет қаржылық есептілікті жазып отырған кәсіпорындарға алдыңғы БЕНЕ талаптарына сәйкес, реттелетін тарифтер бойынша жүзеге асырылатын қызметтерге жататын ХҚЕС сомасына өту кезінде мойындауға рұқсат береді. Бірақ ХҚЕС қолданылып жүрген, бірақ мұндай сомаларды мойындамайтын кәсіпорындармен салыстыру дәрежесін көтеру үшін стандарт тарифтерді реттеу әсері басқа баптардан бөлек көрсетілуін талап етеді. Бұл стандарт ХҚЕС сәйкес дайындалған қаржылық есептілікті тапсырған кәсіпорындарға таратылмайды.

***«Біріккен операцияларға қатысу үлесін сатып алу бойынша мәміле есебі» – ХҚЕС (IFRS) 11-не түзетулер (2014ж. 6 мамырында шыққан және 2016 ж. 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).*** Бұл түзетулер бизнесті көрсететін біріккен операцияларда қатысу үлесін сатып алу бойынша мәмілелер есебіне қатысты жаңа басшылық енгізеді. Өзгерістер Компанияның жеке қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізбейді.

***«Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизацияларын аударудың қолайлы әдістерін түсіндіру» - ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38-ге түзетулер (2014ж. 12 мамырында шыққан және 2016 ж. 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).*** Бұл түзетуде ХҚЕС Басқармасы активтердің қолданылуын қарастаратын қызметтен түскен түсім әдетте, осы активпен байланысты экономикалық пайданы тұтынудан ерекшеленетін факторларды ескеретіндіктен, активтің амортизациясын есептеу үшін түсімге негізделген әдістерді пайдалану қолданылмайтындығын түсіндіреді. Өзгерістер Компанияның жеке қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізбейді.

### **3 Жаңа есеп ережелері (жалғасы)**

**ХҚЕС (IFRS) 15 «Тұтынушылармен келісім-шарт бойынша түсім» (2014ж. 28 мамырында шыққан және 2017ж. 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын кезеңдер үшін күшіне енеді).** Жаңа стандарт тауарлар мен қызметтер мәміле бағасы бойынша тұтынушыға берілгенде, түсетін түсімге сәйкес кілтті қағидатты енгізеді. Тауарлар мен қызметтердің кез келген жеке партиялары бөлек мойындалуы керек, ал келісімді бағадан барлық шегерімдер мен ретрокелешекті шегерімдер, ереже бойынша, жеке элементтерге таратылады. Егер сыйақы көлемі қандай-да бір себептермен өзгерсе, минималды сомаларды, егер олар қайта қараудың елеулі тәуекеліне тартылмаса, мойындауға болады. Тұтынушымен жасалған келісім-шартпен байланысты шығындар келісім-шарттан пайда алатын мерзім ішінде капиталдануы және амортизациялануы тиіс. Өзгеріс Компанияның жеке қаржылық есебіне елеулі әсер етпейді.

**Ауыл шаруашылығы: ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 41-не түзетулер - «Ауыл шаруашылығы: Кәсіпорын иелігіндегі өсімдіктер» (2014ж. 30 маусымында шығарылған және 2016 ж. 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** Бұл түзетулер кәсіпорын иелігіндегі жүзім шоғыны сабағы, каучук ағашы және пальма зәйтүнi сияқты өсімдіктерді, олармен жүргізілген операциялар мені бойынша өндіріс болып табылатындықтан, негізгі қорлар сияқты есепке алу тәсілін өзгертеді. Сәйкесінше, өзгерістер ХҚЕС (IAS) орнына ХҚЕС (IAS) 16 қолдану саласына осындай өсімдіктерді қосады. Кәсіпорын иелігіндегі өсімдіктерден өсіп шығатын өнім ХҚЕС (IAS) 41 қолдану саласында қалады. Беретін өсімдіктер. Өзгерістер Компанияның жеке қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізбейді.

**«Үлестік қатысу әдісін шоғырландырылғын қаржылық есептілікте қолдану» - ХҚЕС (IAS) 27-ге түзетулер (2014ж. тамызында шыққан және 2016 ж. 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** Бұл түзетулер кәсіпорынға еншілес, біріккен және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестицияларды өзінің шоғырландырылған қаржылық есебінде есепке алу үшін үлестік қатысу әдісін қолдануға мүмкіндік береді. Өзгерістер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізбейді.

**«Қауымдастырылған немесе біріккен кәсіпорындарға инвесторлардың активтерін сатуы және активтер жарнасы» – ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер (2014ж. 11 қыркүйекте шыққан және 2016 ж. 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейін жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** Осы түзетулер қауымдастырылған немесе біріккен кәсіпорындарға инвесторлардың активтерін сатуы және активтер жарнасына қатысты ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 араларындағы сәйкессіздікті жояды. Түзетулерді қолданудың негізгі салдары болып, егер мәміле бизнеске қатысты болса, пайда немесе шығын толық көлемде мойындалатындығы табылады. Егер активтер бизнесті көрсетсе, тіпті бұл активтер еншілес кәсіпорындардың иелігінде болса да, пайда немесе шығынның бір бөлігі ғана мойындалады. Қазіргі уақытта Компания бұл өзгерістердің қаржылық есептілікке қалай әсер ететіндігіне бағалау жүргізіп жатыр.

**Қаржылық есептіліктің Халықаралық стандартын жыл сайын жетілдіру, 2014 жыл (2014 ж. 25 қыркүйегінде шығарылған және 2016 ж. 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейінгі басталатын жылдың кезеңдер үшін күшіне енді).** Түзетулер төрт стандартқа әсер етеді. ХҚЕС (IFRS) 5-ке түзетулердің мақсаты – шығару тәсілінің («сатуға арналған» санатынан «таратуға арналған» санатына ауыстыру немесе керісінше) сату немесе тарату жоспарының өзгерісі болып табылмайтындығын және есепте осы жоспардың өзгерісі ретінде көрсетілмеуі тиіс екендігін түсіндіру. ХҚЕС (IFRS) 7-гі түзетулерде берілген қаржылық активтің қызмет көрсету бойынша келісімнің шарттарының ХҚЕС (IFRS) 7 талаптарына сәйкес ақпаратты ашу мақсаты үшін жалғастырылуы бар ма, соны басшылыққа анықтауға мүмкіндік беретін қосымша нұсқаулар жазылған. Сонымен қатар, түзетуде ХҚЕС (IFRS) 7 жазылған, өзара есепке алуды жүргізу туралы ақпаратты ашуға қатысты талаптардың ХҚЕС (IAS) 34-ке сәйкес, талап етілген жағдайлардан басқа, аралық қаржылық есептілікке қолданылуы жоқ екендігін түсіндіреді. ХҚЕС (IAS) 19-ғы түзетулерінде еңбек қызметінің аяқталғаннан кейінгі сыйақыларды төлеу бойынша міндеттемелерге дисконттау бағамына, корпоративтік жоғары сапалы облигациялардың дамыған нарықтың болғанына («терең нарық») қатысты шешімдер немесе бағдар ретінде қандай мемлекеттік облигацияларды пайдалануға болатындығы туралы шешімдер міндеттемелер пайда болатын елдің емес, олар көрінген елдің валютасына негізделуі тиіс екендігі түсіндіріледі. ХҚЕС (IAS) 34-те аралық қаржылық есептілікте «аралық қаржылық есептіліктің басқа түрінде» орналасқан жеріне қарама-қайшы сілтеме болу керектігіне сәйкес талап енгізілді. Қазіргі уақытта Компания бұл өзгерістердің қаржылық есептілікке қалай әсер ететіндігіне бағалау жүргізіп жатыр.

### **3 Жаңа есеп ережелері (жалғасы)**

**«Ақпаратты ашып көрсету» - ХҚЕС түзету (IAS) 1 (2014 жылғы желтоқсанда шығарылды және 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы мерзімнен кейінгі жылдық кезең үшін күшіне енеді).** Стандартқа, егер осындай ашып көрсетулер халықаралық қаржылық есептілік стандартында белгіленген талаптар тізіміне енгізілгенімен маңызды болмаса немесе ашып көрсету қажеттілігі шамалы болып табылатын болса, ұйымға ХҚЕС талап ететін ақпаратты ашып көрсетуді ұсыну қажет емес екенін түсіндіретін және мәнін нақтылайтын түзетулер енгізілді. Стандартқа сонымен қатар аралық жалпы соманың қаржылық есептілігін ұсыну бойынша жаңа нұсқаулық енгізілді, оған сәйкес аралық қорытынды сомалар (а) ХҚЕС сәйкес жүзеге асырылатын баптарды, тануларды және бағалауды қамтуы тиіс; (б) аралық қорытынды сомалардың компоненттерін түсіну қамтамасыз етілетіндей ұсынылуы және белгіленуі тиіс; (в) кезеңнен кезеңге тізбекті болуы тиіс; және (г) аралық қорытынды сомаларды және ХҚЕС талап ететін қорытынды сомаларды ұсыну секілді ерекше мән беріп ұсынылатындай көрсетілуі тиіс.

**«Инвестициялық компаниялар үшін шоғырландыру талаптарына ерекшеліктер қолдану» - ХҚЕС (IFRS) 10, ХҚЕС (IFRS) 12 және ХҚЕС (IAS) 28 (2014 жылғы тамызда шығарылды және 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).** Бұл түзетулер инвестициялық компания өзінің инвестициялық компания болып табылатын еншілес ұйымдарындағы инвестицияларын табыстар немесе шығындар арқылы әділ құны бойынша бағалауға міндетті екендігін түсіндіреді. Сонымен қатар, көрсетілген ұйымның соңғы немесе басты ұйымы ашық пайдалану үшін қолжетімді шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынған жағдайда шоғырландырылған есептілік құру туралы талапты жою көрсетілген соңғы немесе кез келген аралық басты ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ХҚЕС (IFRS) 10 сәйкес пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланғанына немесе еншілес ұйымның шоғырлануына қосылғанына қарамастан қолданылатыны туралы түсініктемемен толықтырылған.

Егер жоғарыда басқасы көрсетілмесе, осы жаңа стандарттардың мәліметтері мен түсіндірмелері Компанияның қаржылық есебіне әсер етпейді деп күтіледі.

### **4 Байланысты тараптармен есептеулер және операциялар**

Байланысты тараптар анықтамасы БЕХС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» көрсетіледі. Байланысты тараптар деп әдетте, егер олардың біреуінде екіншісін бақылай алатын мүмкіндік болса, жалпы бақылауда болатын немесе елеулі әсер ете алатын немесе екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдеріне бірге бақылау жасайтын тараптар есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма, жоқ па, деген сұрақтарды шешуде тараптардың заңды түрі ғана емес, олардың өзара қарам-қатынас сипаттары да ескеріледі. Аналық компания және Компанияның бақылаушы жағы 1-ескертуде егжей-тегжейлі жазылған.

Байланысты компанияларға Самұрқ-Қазынаның бақылауындағы компаниялар жатады. Мемлекеттік компаниялармен жүргізілетін операциялар барлық қоғамдық және шоғырландырылған меншік компанияларға біртіндеп қолданылатын шарттарға сәйкес, әдеттегі қызмет барысында жүзеге асырылса, i) олар жеке маңызды болып табылмаса; ii) Компанияның қызметі барлық тұтынушыларға қолжетімді болатын стандартта ұсынылса, немесе iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер және т.б. сияқты қызметтердің жабдықтаушыларын таңдау болмаса анық жазылмайды.

Компания байланысты тараптармен операция жүргізген немесе есептеу шоты бойынша 2015 ж. 31 желтоқсанына және 2014 жылдың 31 желтоқсанына қалдығы бар олардың өзара қарам-қатынасының сипаты төменде көрсетілген.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**4 Есептеулер және байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)**

Төменде 2015 жылдың 31 желтоқсанына тараптармен байланысты операциялар бойынша жабылмаған қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Ескерту</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Еншілес компанияларға берілген несиелер		-	-	8,358,091
Еншілес компанияларға және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға берілген қаржылай көмек		-	-	365,000
Басқа қысқа мерзімді активтер		-	2,400	709,535
Дебиторлық берешек		-	-	-
Акционердің пайдасына басқа активтер		988,786	-	525,409
Ұсынылған несиелер бойынша алынатын сыйақылар		-	-	89,794
Алынатын дивидендтер		-	-	2,634,314
Байланысты тараптардың құнды қағаздары		223,491	6,825,446	49,177,793
Басқа кредиторлық берешектер және аударылған міндеттемелер		-	5,887	-
Кредиторлық берешек		-	-	-
Акционер алдындағы міндеттемелер	16	1,174,065	-	-
Несиелер	13	57,537,093	-	-

Төменде тараптармен байланысты операциялар бойынша 2014 жылдың 31 желтоқсанында жабылмаған қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Ескерту</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Еншілес компанияларға берілген несиелер		-	-	4,949,181
Еншілес компанияларға және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға берілген қаржылай көмек		-	-	235,832
Басқа қысқа мерзімді активтер		-	2,400	144,531
Дебиторлық берешек		-	-	1,078,792
Акционердің пайдасына басқа активтер		-	-	69,689
Алынатын дивидендтер		-	-	2,682,238
Байланысты тараптардың құнды қағаздары		223,491	3,660,539	28,468,037
Басқа кредиторлық берешектер және аударылған міндеттемелер		-	-	799,000
Кредиторлық берешек		-	8,069	271
Несиелер	13	130,817,458	-	725,000
Алынған несие бойынша төленетін сыйақылар		941,723	-	-

**4 Есептеулер және байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)**

Төменде 2015 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін тараптармен байланысты операциялар бойынша кірістер және шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Дивидендтер бойынша кірістер	-	-	(16,040,425)
Қаржылық кірістер	(12,958)	(207,404)	(21,013,551)
Қаржылық шығыстар	11,265,533	-	160,875
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	69,396	-
Басқа кірістер	(410)	(3,181,831)	(924,648)

Төменде 2014 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін тараптармен байланысты операциялар бойынша кірістер және шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Акционер</b>	<b>Компани под общим контролем</b>	<b>Дочерние и совместные предприятия</b>
Дивидендтер бойынша кірістер	-	-	(20,399,352)
Қаржылық кірістер	(18,210)	(355,285)	(2,722,119)
Қаржылық шығыстар	13,971,619	-	96,151
Жалпы және әкімшілік шығыстар	67,500	99,480	37,226
Басқа кірістер	-	(579,162)	(825,969)

Негізгі басқарушы қызметкерлердің сыйақысы қызметкерлерге берілетін еңбекақыны, сыйақыны және басқа қысқа мерзімді сыйақыларды білдіреді. Қызметкерлерге берілетін еңбекақыны, сыйақыны және басқа қысқа мерзімді сыйақыларды қамтитын, 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын кезең үшін негізгі басқарушы қызметкерлердің сыйақысы 403,487 мың теңгені құрайды (2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын кезең үшін: 330,205 мың теңге). 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын кезең бойынша негізгі басқарушы қызметкерлер саны 8 адамнан тұрады (2014 ж.: 9 адам).

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**5 Негізгі құралдар**

Төменде негізгі құралдардың теңгерімдік құнының өзгерісі көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Басқалары</b>	<b>Аяқталмаған құрылыс</b>	<b>Барлығы</b>
2014 ж. 1 қаңтарындағы баға	633,878	1,840,184	2,474,062
Жинақталған тозу және құнсыздану	(40,050)	-	(40,050)
<b>2014 ж. 1 қаңтарындағы теңгерімдік баға</b>	<b>593,828</b>	<b>1,840,184</b>	<b>2,434,012</b>
Түсімдер	204,630	830,749	1,035,379
Ауыстырулар	1,743,576	-	1,743,576
Тозу	(211,514)	-	(211,514)
Шығарылған негізгі құралдар бойынша тозуды шегеру	61,323	-	61,323
Шығарып тастау	(1,772,140)	-	(1,772,140)
Құнсыздануды қалпына келтіру	35,089	-	35,089
Басқа активтерге ауыстыру	-	(2,165,465)	(2,165,465)
<b>2014 ж. 31 желтоқсанындағы теңгерімдік баға</b>	<b>654,792</b>	<b>505,468</b>	<b>1,160,260</b>
Түсімдер	34,114	14,726	48,840
Ауыстырулар	5,377	(5,377)	-
Тозу	(181,136)	-	(181,136)
Басқа активтерге ауыстыру	780	(189,720)	(188,940)
<b>2015 ж. 31 желтоқсанындағы теңгерімдік баға</b>	<b>513,927</b>	<b>325,097</b>	<b>839,024</b>
2015 ж. 31 желтоқсанындағы баға	941,624	325,097	1,266,721
Жинақталған тозу және құнсыздану	(427,697)	-	(427,697)
<b>2015 ж. 31 желтоқсанындағы теңгерімдік баға</b>	<b>513,927</b>	<b>325,097</b>	<b>839,024</b>

**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**6 Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы инвестициялар**

Төменде 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы инвестиция құны туралы ақпарат көрсетілген:

Ескерту	Сатып алынған күні	Тіркелген ел	2015 ж 31 желтоқсанына инвестиция құны, мың теңге	2015 ж 31 желтоқсанына иелік ету үлесі
<i>а) Еншілес компаниялардағы инвестициялар</i>				
<i>«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС</i>				
	31.10.2012	Қазақстан	338,272,063	100%
<i>«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ</i>				
	29.07.2009	Қазақстан	46,501,110	100%
<i>«Алматы электр станциялары» АҚ</i>				
	26.07.2011	Қазақстан	30,212,480	100%
<i>«Мойнақ ГЭС» АҚ</i>				
	04.01.2008	Қазақстан	21,864,616	100%
<i>«Тегіс Мұнай» ЖШС</i>				
	29.12.2012	Қазақстан	14,835,069	100%
<i>«Бірінші жел электрн станциясы» ЖШС</i>				
	28.05.2015	Қазақстан	9,092,563	100%
<i>«Шығыс Қазақстан аймақтықэнергетика компаниясы» АҚ</i>				
	31.03.2012	Қазақстан	7,723,741	100%
<i>«Ақтөбе ЖЭО» АҚ</i>				
	03.12.2015	Қазақстан	7,176,726	100%
<i>«Samruk-Green Energy» ЖШС</i>				
	13.06.2012	Қазақстан	2,739,234	100%
<i>«Шүлбі ГЭС» АҚ</i>				
	04.01.2008	Қазақстан	1,230,658	92%
<i>«Бұқтырма ГЭС» АҚ</i>				
	04.01.2008	Қазақстан	1,050,790	90%
<i>«Шардара ГЭС» АҚ</i>				
	03.06.2011	Қазақстан	1,221,089	100%
<i>«Өскемен ГЭС»АҚ</i>				
	04.01.2008	Қазақстан	465,019	90%
<i>«Ereumentau Wind Power» ЖШС</i>				
	28.05.2015	Қазақстан	968,807	100%
<i>«Маңғыстау таратушы электр желісі компаниясы» АҚ</i>				
	04.01.2008	Қазақстан	785,297	77%
<i>«Қарағандыгипрошахт және К» ЖШС</i>				
	15.06.2015	Қазақстан	286,019	90%
<i>«Алматыэнергосбыт» ЖШС</i>				
	26.07.2011	Қазақстан	136,003	100%
<i>«Қазгидротехэнерго» ЖШС</i>				
	31.03.2014	Қазақстан	116,675	100%
<i>«Жетісу Энергиясы» ЖШС</i>				
	28.05.2015	Қазақстан	15,319	51%
<i>«New Light Energy» ЖШС</i>				
	28.05.2015	Қазақстан	152	100%
<i>б) Бірлескен кәсіпорындардағы инвестициялар</i>				
<i>Forum Muider B.V.</i>				
	23.12.2008	Нидерланды	41,759,543	50%
<i>«Екібастұз САЭС-2 станциясы» АҚ</i>				
	04.01.2008	Қазақстан	8,725,133	50%
<i>в) Қауымдастырылған кәсіпорындардағы инвестициялар</i>				
<i>«Балқаш ЖЭС» АҚ</i>				
	24.06.2008	Қазақстан	19,602,020	37.92%
<i>Шегерілген:</i>				
<i>Инвестицияның құнсыздануы</i>			(2,434,912)	
<b>Барлық инвестициялар</b>			<b>552,345,214</b>	

**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**6 Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы инвестициялар (жалғасы)**

Төменде 2014 жылдың 31 желтоқсанына инвестиция құны туралы ақпарат көрсетілген:

Ескерту	Сатып алынған күні	Тіркелген ел	2014 ж 31 желтоқсанына инвестиция құны, мың теңге (қайта есептелді) *	2014 ж 31 желтоқсанына иелік ету үлесі.
<i>а) Еншілес компаниялардағы инвестициялар</i>				
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС				
	31.10.2012	Қазақстан	338,272,063	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ				
	29.07.2009	Қазақстан	53,171,323	100%
«Алматы электр станциялары» АҚ				
	26.07.2011	Қазақстан	30,212,480	100%
«Мойнақ ГЭС» АҚ				
	04.01.2008	Қазақстан	21,864,616	51%
«Тегіс Мұнай» ЖШС				
	29.12.2012	Қазақстан	11,716,808	100%
«Samruk-Green Energy» ЖШС				
	13.06.2012	Қазақстан	8,389,177	100%
«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетика компаниясы» АҚ				
	31.03.2012	Қазақстан	7,723,741	100%
«Шүлбі ГЭС» АҚ				
	04.01.2008	Қазақстан	1,230,658	92%
«Бұқтырма ГЭС» АҚ				
	04.01.2008	Қазақстан	1,050,790	90%
«Маңғыстау таратушы электр желісі компаниясы» АҚ				
	04.01.2008	Қазақстан	785,297	77%
«Шардара ГЭС» АҚ				
	03.06.2011	Қазақстан	482,667	100%
«Өскемен ГЭС» АҚ				
	04.01.2008	Қазақстан	465,019	90%
«Алматыэнергосбыт» ЖШС				
	26.07.2011	Қазақстан	136,003	100%
Қазгидротехэнерго ЖШС				
		Қазақстан	73,001	
<i>б) Бірлескен кәсіпорындардағы инвестициялар</i>				
Forum Muider B.V.				
	23.12.2008	Нидерланды	41,759,543	50%
«Екібастұз САЭС-2 станциясы» АҚ				
	04.01.2008	Қазақстан	8,725,133	50%
«Т.И.Батуров ат. Жамбыл ГРЭС» АҚ				
	04.01.2008	Қазақстан	855,250	50%
<i>в) Қауымдастырылған кәсіпорындардағы инвестициялар</i>				
«Балқаш ЖЭС» АҚ				
	24.06.2008	Қазақстан	10,695,110	25%
<i>Шегерілген:</i>				
Инвестицияның құнсыздануы			(3,290,162)	
<b>Барлық инвестициялар</b>			<b>534,318,517</b>	

Еншілес компаниялар мен бірігіп бақыланатын кәсіпорындармен есеп айырысу операциялары мен қалдықтар 4-ескертуде ашып көрсетіледі.

*«Т.И.Батуров ат. Жамбыл ГРЭС» АҚ сату*

2015 жылғы 15 наурызда Компания «Тараз-Энерго 2005» ЖШС компаниясы ЖГРЭС үлесінің 50% сату туралы шартқа қол қойды. Сату құны 2,469,307 мың теңгені құрады. Меншік құқығын өткізуді тіркеу 2015 жылғы 18 мамырда аяқталды.

ЖГРЭС инвестициясы өткен кезеңдерде толығымен құнсызданған болатын, себебі активтердің қайтарылу құны нөлге тең болды. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЖГРЭС инвестициясы «Шығу топтар ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер» ретінде жіктелген және баланстық құны 0 теңге деп танылған болатын. Компания инвестициямен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды сатып алушыға өткізгеннен кейін инвестицияны тануды тоқтатты және тоқтатылған қызметтен түскен пайданы сату бойынша шығыстарды шегергенде 2,469,307 мың теңге көлемінде таныды.

\* - салыстырмалы ақпарат сату үшін шығарылған топтардың активтер мен міндеттемелерін ауыстыруды көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**7 Берілген несиелер**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2014 ж. 31 желтоқсан</b>
<b>Ұзақ мерзімді бөлім</b>		
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ облигациялары	10,043,515	10,550,029
«Алматы электр станциясы» АҚ облигациялары	31,148,000	10,412,109
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ берілген несие	3,408,643	3,157,212
"МРЕК" АҚ облигациялары	1,191,941	1,186,353
"ШҚРЭК" АҚ берілген несие	767,986	1,279,978
"Қазақстан Инжиниринг" АҚ облигациясы	-	3,647,000
"Самұрық-Казына" ҰӘҚ АҚ облигациясы	220,000	220,000
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС берілген несие	1,828,288	-
<b>Барлық берілген несиелер – ұзақ мерзімді бөлім</b>	<b>48,608,373</b>	<b>30,452,681</b>
<b>Қысқа мерзімді бөлім</b>		
«Алматы электр станциясы» АҚ облигациялары	6,187,402	6,287,997
«Қазақстан Инжиниринг» АҚ облигациялары	6,800,200	13,539
Облигациялар бойынша сыйақылар	635,673	-
«Алматы электр станциясы» АҚ берілген несие	1,568,883	-
"ШҚРЭК" АҚ берілген несие	511,991	511,991
"Ақтөбе ЖЭО" АҚ берілген несие	450,000	200,000
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ берілген несие бойынша аударылған сыйақылар	69,689	69,689
«Жетісу Энергиясы» ЖШС берілген несие	65,000	-
«Алматы электр станциясы» АҚ берілген несие бойынша аударылған сыйақылар	20,105	-
«Өскемен ГЭС» АҚ берілген қаржылай көмек	30,390	30,390
«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» берілген несиелер	5,442	5,442
Басқалар	-	35,039
<i>Берілген несиелердің құнсыздануын қоспағанда</i>	(5,442)	-
<b>Барлық берілген несиелер – қысқа мерзімді бөлім</b>	<b>16,339,333</b>	<b>7,154,087</b>

*«Алматы электр станциясы» АҚ-нан сатып алынған облигациялар*

«Алматы электр станциясы» АҚ алғашқы облигациялық бағдарламасы шеңберінде 100 теңге номиналды құнмен және жылдық 6% мөлшерлемемен 2014 жылдың наурыз айында 75,488,780 және 2014 жылдың сәуір айында 74,488,780 индекстелген облигацияларды орналастырды. Облигациялар «Алматы ЖЭО-2 АлЭС АҚ қайта құру және кеңейту. III кезек. №8 ст. қазандық агрегаты» инвестициялық жобасын қаржыландыру мақсатында шығарылған. Облигациялардың айналым мерзімі 2 жылдан 6 жылға дейін. Облигациялар Қазақстандық қор биржасында қамтамасыз етілуісіз шығарылды және оны Самұрық-Энерго сатып алды.

2015 жылдың ақпан және қыркүйек айларында Компания «Алматы электр станциясы» АҚ атаулы құны 100 теңге және айналым мерзімі 3 жыл 14,587,785 мың теңге сомасындағы облигацияларын қосымша сатып алды. Сыйақының купондық мөлшерлемесі бекітілген, жылдық 6% құрайды.

*«Алматы электр станциясы» АҚ берілген несие*

2015 жылғы 17 қыркүйекте және 2015 жылғы 5 қарашада «Алматы электр станциясы» АҚ-мен 1,000,000 мың теңге және 1,249,331 мың теңге сомасында 12 ай мерзімге несие шарты жасалды. Несиелер «Алматы ЖЭО-2 «АлЭС». Қайта құру және кеңейту. III кезек. қазандық агрегат ст.№8» инвестициялық жобасын қаржыландыру мақсатында берілді. Сыйақы мөлшерлемесі жылына 14% құрайды. 2015 жылғы қыркүйек-желтоқсан аралығында Компания жалпы 1,568,883 мың теңге сомасында несиелер берді.

*«Қазақстан Инжиниринг» АҚ облигациялары*

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ облигациялар облигациялар қысқа мерзімді активтер ретінде жіктелді, себебі облигацияларды өтеу мерзімі – 2016 жылғы желтоқсан. 2014 жылдың 31 желтоқсанында осы облигациялар ұзақ мерзімді активтер құрамында жіктелді.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**8 Басқа да ұзақ мерзімді активтер**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2014 ж. 31 желтоқсан</b>
Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар	2,200,000	1,299,576
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС қаржылық кепілдігін ұсыну бойынша берешек	704,977	-
Басқа ұзақ мерзімді активтер	213,484	76,148
<b>Барлық басқа ұзақ мерзімді активтер</b>	<b>3,118,461</b>	<b>1,375,724</b>

**9 Дебиторлық берешек**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2014 ж. 31 желтоқсан</b>
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС берешегі	-	1,078,792
«ТАРАЗЭНЕРГО-2005» ЖШС дебиторлық берешегі	2,098,911	-
Басқа дебиторлық берешек	4,911	11,937
<b>Барлық қаржылық дебиторлық берешек</b>	<b>2,103,822</b>	<b>1,090,729</b>

**10 Басқа да қысқа мерзімді активтер**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2014 ж. 31 желтоқсан</b>
Қысқа мерзімді депозиттер	26,626,827	24,831,080
Алынатын дивидендтер	2,634,314	2,682,238
Акционердің пайдасына арналған активтер	952,481	-
Төленген аванстар	85,380	34,308
Басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	52,903	112,251
Қызметкерлердің берешектері	48,065	22,991
Болашақ кезеңдердің шығыстары	23,260	10,378
Басқалар	44,612	8,058
<b>Барлық басқа қысқа мерзімді активтер</b>	<b>30,467,842</b>	<b>27,701,304</b>

Акционердің тапсырмасы бойынша Компания Астана қаласында 1,174,065 мың теңге сомасында балабақша құрылысын салу міндеттемесін қабылдады. Компания 1,174,065 мың теңге көлеміндегі құрылыстың бағалау құнына міндеттемені Акционердің пайдасына басқа бөлулер ретінде таныды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания балабақша құрылысына байланысты 988,787 мың теңге сомасында шығын көрді, сондай-ақ осы құрылысқа 36,306 мың теңге сомасында алдын ала төлем аударды. Аталған шығындар Акционердің пайдасына арналған ағымдағы активтер ретінде көрсетілді, себебі бұл активтер ҚР Президентінің қатысуымен өткен 2013 жылғы 27 қарашадағы жиналыс хаттамасына сәйкес Акционер кірісін бөлу есебінен 2016 жыл ішінде Акционерге беріледі деп күтілуде.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**11 Ақша қаражаты және олардың баламалары**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2014 ж. 31 желтоқсан</b>
Банк шотындағы ақша қаражаты – АҚШ доллары	5,897,312	8,390,241
Банк шоттарындағы ақша қаражаты – еуро	28,122	27,815
Банк шоттарындағы ақша қаражаты – теңге	558,565	777,929
Банк шоттарындағы ақша қаражаты – рубль	116	-
Жолдағы ақша қаражаты	-	82,969
Кассадағы ақша қаражаты	1,177	1,126
Жылдам депозиттердегі ақша қаражаты– еуро	150,000	-
<b>Барлық ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>6,635,292</b>	<b>9,280,080</b>

**12 Акционерлік капитал**

	<b>Эмиссия күні</b>	<b>Жарияланған және шығарылған акциялар саны</b>	<b>Құны, теңге</b>	<b>Акционерлік капитал, мың теңге</b>
<b>2014 ж. 1 қаңтарында төленген капитал</b>		<b>5,463,437</b>		<b>233,946,269</b>
Акцияның 11-эмиссиясы	26 наурыз 2014	21,000	1,000,000	21,000,000
Акцияның 12-эмиссиясы	6 қазан 2014	100,000	1,000,000	100,000,000
Акцияның 13-эмиссиясы	1 қыркүйек 2014	1,000	418,117	418,117
<b>2014 ж. 31 желтоқсанында төленген капитал</b>		<b>5,585,437</b>		<b>355,364,386</b>
Акцияның 14-эмиссиясы	15 шілде 2015	286	1,000,065	286,019
<b>2015 ж. 31 желтоқсанында төленген капитал</b>		<b>5,585,723</b>		<b>355,650,405</b>

2015 ж. 31 желтоқсанында шығарылған 5,585,723 жай акция толық төленді (2014 ж.: 5,585,437 акция). Әр жай акция бір дауыс құқығын білдіреді. Компанияда артықшылықты акциялар жоқ.

2015 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ Компанияның 100% акционері болып табылады (2014 ж.: 100%).

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**13 Несиелер**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2014 ж. 31 желтоқсан</b>
<b>Ұзақ мерзімді бөлім</b>		
Еурооблигациялар	169,846,110	90,896,280
Самұрық –Қазынадан алынған несие	54,355,849	127,617,869
Ұзақ мерзімді банк несиелер	10,000,000	-
<b>Барлық несиелер – ұзақ мерзімді бөлім</b>	<b>234,201,959</b>	<b>218,514,149</b>
<b>Қысқа мерзімді бөлім</b>		
Қысқа мерзімді банк несиелер	10,698,000	8,218,000
Самұрық –Қазынадан алынған несие	2,381,110	2,257,866
Бұқтырма ГЭС-нан алынған несие	-	725,001
Облигациялар	-	2,940,813
Аударылған пайыздар – Самұрық–Қазынадан алынған несиелер	800,135	941,723
Аударылған пайыздар – еурооблигациялар	194,797	129,115
Аударылған пайыздар – банктік несиелер	225,215	31,187
Басқалар	-	799,000
<b>Барлық қысқа мерзімді бөлім</b>	<b>14,299,257</b>	<b>16,042,705</b>
<b>Барлық несиелер</b>	<b>248,501,216</b>	<b>234,556,854</b>

Төменде осы несиелердің теңгерімдік және әділ құндарына жасалған талдау ұсынылған:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>		<b>2014 ж. 31 желтоқсан</b>	
	<b>Теңгерімдік құн</b>	<b>Әділ құн</b>	<b>Теңгерімдік құн</b>	<b>Әділ құн</b>
Несиелер	57,537,093	47,960,689	132,341,459	131,570,440
Облигациялар	170,040,908	164,224,827	93,966,208	90,765,407
Банктік несиелер	20,923,215	21,098,858	8,249,187	8,249,187
<b>Барлық несиелер</b>	<b>248,501,216</b>	<b>233,284,374</b>	<b>234,556,854</b>	<b>230,585,034</b>

*Самұрық-Қазына*

2010 жылы 17 наурызда Компания Forum Muider-ден 50% үлесін сатып алу нәтижесінде қайта қаржыландыру мақсатында Самұрық-Қазынамен 48,200,000 мың теңге сомасына келісімге отырды. Несие жылдық 1.2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, 2029 жылдың 15 қарашасынан кеш емес өтеу мерзімімен берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең өтеммен, ал пайыздар несиені алғаннан кейін келесі есеп беру жылынан бастап жартыжылдық жарналармен төленеді.

2011 жылдың 14 қаңтарынан бастап Компания АЖК компаниясының кіші станциясын қаржыландыру үшін Самұрық-Қазынамен 7,000,000 мың теңгеге несиелік келісімге қол қойды. Несие жылдық 2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, 2024 жылдың 25 қаңтарынан кеш емес өтеу мерзімімен берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең өтеммен, ал пайыздар жартыжылдық жарналармен төленеді.

2014 жылдың 16 қаңтарында Компания ЕГРЭС-1-дегі қалған қатысу үлесін сатып алу үшін Самұрық-Қазынамен 200,000,000 мың теңге сомасына несиелік келісімге қол қойды. Негізгі соманы 2028 жылдың 1 желтоқсанында төлеу қажет, ал пайыздар 7.8% мөлшерлемесімен жартыжылдық жарналармен төленеді.

### **13 Несиелер (жалғасы)**

2014 жылдың 3 қазанында №369 несиелік келісім-шартқа қосымшаларға сәйкес, несиелік келісім мынадай болып, едәуір өзгерді:

- 100,000,000 мың теңге көлеміндегі негізгі несие сомасы Компания акцияларында айырбасталды;
- Негізгі қарыздың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 9%-ға дейін көтерілді, ол нарықтық пайыздық мөлшерлемеге біршама сәйкес келеді.

2015 жылғы 25 желтоқсанда несиелік келісім №369 несиелік шарттың қосымшасына сәйкес айтарлықтай өзгертілді, негізгі қарыз сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 1%-ға дейін азайтылды. Басшылық пайыздық мөлшерлемені 1% нарықтық мөлшерлемеге дейін азайтуды бағалады, сондай-ақ несие басымдылығының субординациялауға дейін өзгеруі қарыз талаптарында айтарлықтай өзгерістерді ұсынады. Басшылық қарыз талаптарындағы мұндай өзгеріс бастапқы несиені өтеу ретінде есептелуі тиіс және жаңа несиені әділ құны бойынша тану қажет деп есептейді.

Нарықтық мөлшерлеме несие алған күні жылдық 12.8% құрады. Компания басқа капиталдар құрамында 72,581,903 мың теңге сомасында қарыздың бастапқы тануынан түскен кірісті таныды, себебі басшылық нарықтан төмен мөлшерлемеді қарыз ұсынған Самұрық-Қазына Компания акционері ретінде әрекет етті деп есептейді.

Алынған несиені бастапқы танудан түскен пайда алынған қарыздың атаулы құны мен оның тану күніндегі әділ құны арасындағы дисконтталған ақша ағымы әдісін пайдаланып есептелген және жылдық тиімді мөлшерлемесі 12.8% деп танылған айырмашылық ретінде көрсетілді.

#### *Облигациялар*

2012 ж. 7 қыркүйегіндегі және 2012 ж. 6 желтоқсанындағы Директорлар кеңесі шешімінің негізінде Еурооблигацияның алғашқы эмиссиясының келесі параметрлері бекітілді:

- Эмиссия көлемі - 500,000,000 АҚШ доллары;
- Эмиссия түрі – S қосымшасына сәйкес;
- Төлемге вексельдер 5 жылдан кейін.

Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 3.75% деңгейінде тіркелген (тиімді мөлшерлеме 3.85%). Шығарылатын облигациялардың саны мен түрі: қамсыздандырылмаған 500,000 (бес жүз мың) облигация. Бір облигацияның номиналдық құны 1,000 (бір мың) АҚШ долларын құрайды. Эмиссия 2012 ж. 20 желтоқсанда ISIN-XS0868359166 нөмірімен Ирландия қор биржасында тіркелді. 2012 ж. 19 желтоқсанда Қазақстандық қор биржасы «Самұрық-Энерго» АҚ-ын ISIN-XS0868359166 нөмірмен «рейтингті бағамен несиелік құнды қағаздар» санатының ресми тізіліміне енгізді. Компания еурооблигацияның 500,000 мың АҚШ доллары көлемінде толық сомасын шығарды және орналастырды.

2013 жылдың бірінші жарты жылдығында Компания 2015 жылдың қараша айында төленетін, жалпы сомасы 2,956,595 мың теңгелік облигацияларды шығарып, қазақстандық қор биржасына орналастырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 6% құрады.

2015 жыл ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі теңге бағамын қолдауды тоқтатуды және валюталық басқыншылықты төмендетуді шешті. Нәтижесінде 2015 жылдың 31 желтоқсанында 1 АҚШ долларына теңгенің айырбас бағамы 182.35 теңгеден 340.01 теңгеге дейін құнсызданды. Компания бағам айырмашылығы бойынша АҚШ долларына іріленген еурооблигацияларға қатысты шығынды 78,823,854 мың теңге деп таныды.

#### *АТФ банкі*

2014 жылғы 13 қазан және 14 қарашада Компания АТФ банкінен жалпы тағайындаудағы 2 қысқа мерзімді несиелік желі ашты. Пайыздық мөлшерлеме ай сайын төлеуге жатады және несие мерзіміне байланысты жылдық 11% - 13% құрайды. Бір несиелік желі бойынша несие 2015 жылы толығымен төленді. 2015 жылдың қыркүйек айында Компания қолданыстағы кредиттік желі бойынша айналым капиталын толықтыруға 4,500,000 мың теңге көлемінде жаңа несие алды. Пайыздық мөлшерлеме 11% құрайды, осы несие бойынша қамтамасыз ету жоқ.

### **13 Несиелер (жалғасы)**

#### *Халық Банкі*

2015 жылғы 25 мамырда Компания «Қазақстан Халық Банкі» ПҚ-да айналым қаражатын толықтыруға 10,000,000 мың теңге көлемінде қысқа мерзімде қайтарылатын несиелік желі ашты. Пайыздық мөлшерлеме ай сайын төлеуге жатады және несиенің мерзіміне қарай жылдық 10.5% - 12.5% құрайды. 2015 жылғы 6 қарашада Компания осы несиелік желі бойынша мерзімді 2015 жылғы 1 қазаннан бастап жаңадан берілген несиелер мерзіміне тәуелсіз 12.5% көлемде пайыздық мөлшерлеме белгілей отырып, 2017 жылғы 26 мамырға дейін ұзартты. 2015 жыл ішінде Компания осы несиелік желі бойынша жалпы 20,698,000 мың теңге сомасында несие алды және жалпы сомасы 14,500,000 мың теңге көлемінде ішінара өтеуді жүзеге асырды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі несиенің және қолданыстағы кредиттік желі бойынша есептелген сыйақы қалдығы 6,240,502 мың теңгені құрайды. Осы несиелік желі бойынша қамтамасыз ету «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ға Қоғам шотына болашақта келіп түсетін 35,715,632 мың теңге сомасындағы несие болып табылады.

#### *Қазкоммерцбанк*

2015 жыл ішінде «Қазкоммерцбанк» АҚ-мен несиелік желісін ашу туралы 2015 жылғы 21 қазандағы №1610 келісім шеңберінде айналым капиталын толықтыру мақсатында 5 жыл мерзімге 10,000,000 мың теңге сомасында несие алынды, атаулы мөлшерлеме 12%, тиімді мөлшерлеме 12.7%.

### **14 Қаржылық кепілдіктер**

2015 жылғы 31 желтоқсанда Компания «Бірінші Жел Электр Станциясы» ЖШС және «Шардара СЭС» АҚ алынған несиеге берілген кепілдігі бар. Бастапқы тану кезіндегі әділ құн несие алушы алған Компания қамтамасыз еткен несие бойынша пайыздық мөлшерлеме мен Компания кепілдік бермеген жағдайда қолданылуы мүмкін пайыздық мөлшерлеме арасындағы айырмашылықты ұсынатын пайыздық мөлшерлеме сомасының кепілдігін жабуға пайдаланып, нәтижесінде алынған сома ретінде белгіленді. Кепілдік құны еншілес кәсіпорынға инвестиция ретінде бағаланады.

### **15 Басқа кредиторлық берешектер және аударылған міндеттемелер**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2014 ж. 31 желтоқсан</b>
Жабдықтаушыларға және мердігерлерге кредиторлық берешек	345,448	267,633
Тендерге қатысу үшін кепілдік міндеттемелер	2,264,065	13,447
Басқа кредиторлық берешектер	216,535	103,875
<b>Барлық қаржылық кредиторлық берешек</b>	<b>2,826,048</b>	<b>384,955</b>

### **16 Акционер алдындағы міндеттемелер**

Акционердің тапсырмасы бойынша Компания Астана қаласында 1,174,065 мың теңге сомасында балабақша құрылысын салу міндеттемесін қабылдады. Компания 1,174,065 мың теңге көлеміндегі құрылыстың бағалау құнына міндеттемені Акционердің пайдасына басқа бөлулер ретінде таныды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания балабақша құрылысына байланысты 988,787 мың теңге сомасында шығын көрді, сондай-ақ осы құрылысқа 36,306 мың теңге сомасында алдын ала төлем аударды. Аталған шығындар Акционердің пайдасына арналған ағымдағы активтер ретінде көрсетілді, себебі бұл активтер ҚР Президентінің қатысуымен өткен 2013 жылғы 27 қарашадағы жиналыс хаттамасына сәйкес Акционер кірісін бөлу есебінен 2016 жыл ішінде Акционерге беріледі деп күтілуде.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**17 Жалпы және әкімшілік шығыстар**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
Еңбекақы және байланысты шығыстар	2,550,957	1,838,094
Кеңес беру және басқа қызметтер	753,466	514,519
Жалға алу бойынша шығыстар	361,370	270,307
Тозу және амортизация	311,445	342,131
Салықтар	220,651	157,104
Іс-сапар шығыстары	145,038	113,979
Демеушілік көмек	90,000	331,271
Қызметкерлерді оқыту және байланысты шығыстар	89,008	34,765
Медициналық сақтандыру	33,462	21,988
Байланыс шығыстары	26,208	22,694
Мүшелік жарналар	-	59,408
Басқалар	444,171	690,504
<b>Барлық жалпы және әкішілік шығыстар</b>	<b>5,025,776</b>	<b>4,396,764</b>

**18 Қаржылық кірістер**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
Облигацияларды индекстеуден кірістер	17,257,185	-
Облигациялар бойынша пайыздық кірістер	3,258,858	2,083,547
Банк депозиттері бойынша пайыздық кірістер	1,502,845	2,415,511
Берілген қаржылай көмек бойынша пайыздық кірістер	460,852	613,188
Берілген қаржылық көмек бойынша дисконт амортизациясы	259,804	230,805
Басқалар	18,881	878
<b>Барлық қаржылық кірістер</b>	<b>22,758,425</b>	<b>5,343,929</b>

**19 Қаржылық шығыстар**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
Несиелер сыйақылары бойынша шығыстар	11,556,741	14,077,357
Қарыздық бағалы қағаздар бойынша сыйақылық шығыстар	4,456,484	3,653,298
Акционерлерден алынған несие және қаржылай көмек бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы	1,913,099	2,132,928
Басқалар	324,128	163,291
<b>Барлық қаржылық шығыстар</b>	<b>18,250,452</b>	<b>20,026,874</b>

**20 Басқа операциялық шығыстар**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
«Samruk-Green Energy» ЖШС-ға салынған инвестициялардың құнсыздануы	-	739,235
Басқалар	258,333	190,396
<b>Барлық басқа операциялық шығыстар</b>	<b>258,333</b>	<b>929,631</b>

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**21 Табыс салығы**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
Ағымдағы табыс салығы	277,567	517,916
Кейінге қалдырылған табыс салығы	-	-
<b>Барлық табыс салығы бойынша шығыс</b>	<b>277,567</b>	<b>517,916</b>

Төменде салық бойынша теориялық және нақты шығыстардың салыстырулары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>2015 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>
<b>Салық салуға дейінгі ХҚЕС бойынша алынған пайда</b>	<b>(38,944,587)</b>	<b>12,865,126</b>
Өрекет етіп тұрған 20% (2014 ж.: 20%) мөлшерлеме бойынша табыс салығының теориялық шығысы	(7,788,917)	2,573,025
Түзетулер:		
Дивидендтер бойынша кірістер	(3,317,005)	(4,079,870)
Шегерілмейтін шығыстар	166,053	179,276
Алдыңғы жылдардың табыс салығын түзету	-	-
Өтеу көзінен ұстап қалынған табыс салығы	277,566	391,350
Самұрық-Қазынадан алынатын несие бойынша тұрақты айырмашылық	-	-
Басқалар	(737,099)	100,218
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мойындалмаған активтердегі өзгерістер	11,676,969	1,353,917
<b>Барлық табыс салығы бойынша шығыс</b>	<b>277,567</b>	<b>517,916</b>

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**21 Табыс салығы (жалғасы)**

ХҚЕС мен Қазақстан Республикасы салық заңнамалары арасындағы айырмашылық активтердің теңгерімдік құны мен бухгалтерлік есептегі міндеттемелері және салық базасының арасындағы уақыт айырмашылығына әкеліп соғады. Уақыт айырмашылығының салықтық әсер етуі төменде көрсетілген және уақыт айырмашылығын қалпына келтіру кезеңінде қолданылады деп күтілетін салық мөлшерлемесіне сәйкес көрсетілген.

	1 қаңтар 2015 ж.	Пайда немесе шығын шотына жатқызыл- ған	Капиталға жатқызыл- ған	31 желтоқсан 2015 ж.
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>				
<b>Алынып тасталған уақыт айырмашылығының салықтық тиімділігі</b>				
Ауыстырылған салықтық шығын	4,852,711	11,358,424	-	16,211,135
Еншілес, біріккен және қауымдастырылған кәсіпорындарға берілген несиелер	781,937	(51,404)	-	730,533
Еншілес, біріккен және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар	266,056	-	-	266,056
Басқа кредиторлық берешек	54,962	(13,460)	-	41,502
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық активтер</b>	<b>5,955,666</b>	<b>11,293,560</b>	-	<b>17,249,226</b>
Мойындалмаған салықтық активтер	(2,768,602)	(11,676,969)	14,445,571	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы алынып тасталған міндеттемелерді есепке алу	(3,187,064)	383,409	(14,445,571)	(17,249,226)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мойындалған активтер</b>	-	-	-	-
<b>Уақыт айырмашылығына салынатын салықтық тиімділік</b>				
Негізгі құралдар	(81,021)	(35,145)	-	(116,166)
Несиелер	(3,106,043)	418,554	(14,445,571)	(17,133,060)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық міндеттемелер</b>	<b>(3,187,064)</b>	<b>383,409</b>	<b>(14,445,571)</b>	<b>(17,249,226)</b>
Кейінге қалдырылған табыс салығы алынып тасталған активтерді есепке алу	3,187,064	(383,409)	14,445,571	17,249,226
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мойындалған міндеттемелер</b>	-	-	-	-

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**21 Табыс салығы (жалғасы)**

	<b>1 қаңтар 2014 ж.</b>	<b>Пайда немесе шығын шотына жатқызылған</b>	<b>31 желтоқсан 2014 ж.</b>
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>			
<b>Алынып тасталған уақыт айырмашылығының салықтық тиімділігі</b>			
Ауыстырылған салықтық шығын	4,045,873	806,838	4,852,711
Еншілес, біріккен және қауымдастырылған кәсіпорындарға берілген несиелер	832,166	(50,229)	781,937
Еншілес, біріккен және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар	82,198	183,858	266,056
Басқалары	(1,989)	1,989	-
Басқа дебиторлық берешек	-	54,962	54,962
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық активтер</b>	<b>4,958,248</b>	<b>997,418</b>	<b>5,955,666</b>
Мойындалмаған салықтық активтер	(1,414,684)	(1,353,918)	(2,768,602)
Кейінге қалдырылған табыс салығы алынып тасталған міндеттемелерді есепке алу	(3,543,564)	356,500	(3,187,064)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мойындалған активтер</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Уақыт айырмашылығына салынатын салықтық тиімділік</b>			
Негізгі құралдар	(76,227)	(4,794)	(81,021)
Несиелер	(3,430,039)	323,996	(3,106,043)
Басқалары	(37,298)	37,298	-
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық міндеттемелер</b>	<b>(3,543,564)</b>	<b>356,500</b>	<b>(3,187,064)</b>
Кейінге қалдырылған табыс салығы алынып тасталған активтерді есепке алу	3,543,564	(356,500)	3,187,064
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мойындалған міндеттемелер</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>

**22 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер**

**Қазақстан Республикасының саяси және экономикалық жағдайы**

Жалпы, Қазақстан Республикасының экономикасы дамыған нарықтарға тән кейбір сипаттық ерекшеліктерді көрсетеді. Бұл әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газдың және басқа минералды шикізат бағасының ауытқуларына ерекше сезімтал. Басқалармен қатар, бұндай сипаттық ерекшеліктерге ел сыртында еркін айырбасталатын ұлттық валютаның жоқтығы және бағалы қағаздар нарықтары өтімділігінің төмен деңгейі жатады.

Мұнай және басқа минералды шикізаттардың төмен бағалары, өңірде сақталып отырған саяси жағдай, курс бағамының тұрақсыздығы халықаралық қаржыландыруды тарту өтімділігі мен қиындықтарының туындауын қоса алғанда Қазақстан Республикасының экономикасына кері ықпалын тигізуді жалғастыруы мүмкін.

**22 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)**

2015 жылдың 20 тамызында Ұлттық банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі теңгенің айырбастау курсына қолдау көрсетуді тоқтату және еркін айырбастау курсына ауысу және валюта коридорынан бас тарту, инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын іске асыру туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде, 2015 жылдың тамыз-желтоқсан айларында теңгенің айырбас бағамы 1 АҚШ долларына 187 – 250 теңгеден ауытқып тұрды. Осы есеп күніндегі жағдай бойынша Қазақстан қор биржасының ресми айырбастау курсы 1 АҚШ доллары 340.01 теңгені құрады, салыстырмалы түрде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары 340.01 теңгені құрады (31 желтоқсан 2014 ж.: 1 АҚШ доллары 182.35 теңге). Осылайша, теңгенің айырбастау курсы мен Ұлттық банк пен Үкіметтің болашақ әрекеттеріне, сондай-ақ аталған факторлардың Қазақстан Республикасы экономикасының ықпалына қатысты тұрақсыздық бар.

2016 жылғы қаңтардың ортасында Standard & Poor халықаралық рейтинг агенттігі 2016-2019 жж. Кезеңде мұнай бағасына қатысты өз болжамдарын айтарлықтай төмендетті. Қазақстан экономикасы мұнай-газ секторына біршама тәуелді болып табылатындықтан, Standard & Poor енді стагнацияны немесе ЖІӨ аздап қана өсуін күтеді.

Тиісінше, 2016 жылдың ақпанында Standard & Poor шетелдік және ұлттық валюта жағдайы бойынша Қазақстанның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін BBB+ деңгейден BBB деңгейге төмендетті. Бұған қоса, S&P шетелдік және ұлттық валюта жағдайы бойынша Қазақстанның қысқа мерзімді рейтингісін "A-2" -ден "A-3"-ке, ал ұлттық шкала бойынша рейтингісін "kzAA+" –дан "kzAA"-ға төмендетті. Ұзақ мерзімді рейтинг бойынша болжам «жағымсыз».

Рейтинг бойынша жағымсыз болжам агенттіктің шикізат тауарларының ғаламдық нарығындағы ағымдағы әлсіз әрі тұрақсыз жағдайын ескере отырып, сыртқы тәуекелдердің және ақша-несие саясатымен байланысты тәуекелдердің өсуі туралы пікірін көрсетеді.

Қаржы нарығы бұрынғыша тұрақсыздығымен, бағаның жиі және айтарлықтай өзгеруімен және сауда операциялары бойынша спредтердің артуымен сипатталады. Мұндай экономикалық орта Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына едәуір ықпал етеді. Басшылық Компанияның тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Соған қарамастан, ағымдағы экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиынға соғады және Басшылықтың ағымдағы күтетін нәтижелері мен бағалаулары нақты нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы электр энергетика саласы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеуші өзгерістердің ықпалына ұшырайды. Қазақстан Республикасы экономикалық тұрақтылығының келешегі көбінесе Үкімет қабылдап жатқан экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ Компания бақылауы саласынан тыс міндеттемелер сияқты құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына біршама тәуелді.

Басшылық есептік кезең соңындағы ағымдағы экономикалық жағдай мен болжамды ескере отырып құнсызданатын резервтерін анықтады. Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек пен басқа дебиторлық берешек бойынша құнсызданатын резервтер қолданылатын қаржылық есептілік стандарттары бойынша «келтірілген шығын» моделін пайдалану арқылы анықталды. Аталмыш стандарттар өткен оқиғалармен байланысты дебиторлық берешектің құнсыздануына шығындарды растауда талап етеді және болашақтағы оқиғалармен байланысты шығындарды растауға тыйым салады.

Компания Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық мәнге ие, себебі ол халық пен өнеркәсіп кәсіпорындарын электр қуатымен қамтамасыз ететін электр энергетика кешенінің кәсіпорындарын біріктіреді. Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңа және электр станцияларын салу мен қолданыстағыларды қайта құруды қарастыратын экономиканың энергетика секторы ұзақ мерзімді бағдарламасын қабылдады. Басшылық Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауына ие болады деген үмітте, себебі электр энергетика саласы ел экономикасының стратегиялық маңызды бөлігі болып табылады.

Басшылық қазақстандық экономикадағы барлық өзгерістердің деңгейін де, ұзақтығын да болжай алмайды, немесе болашақта олардың Компанияның қаржылық жағдайына ықпалын бағалай алмайды. Басшылық ағымдағы жағдайларда Компания қызметінің тұрақтылығы мен өсімін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қабылдап жатқанына сенімді.

## **22 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)**

### **Салық заңнамасы**

Қазақстанның салық заңнамасы және тәжірибесі тұрақты түрде өзгеріске ұшырайды, сондықтан олар ретроспективті ықпалға ие түрлі болжамдар мен жиі өзгерістерге тап болады. Сондай-ақ, салық органдарының Компания келісімдері мен қызметіне қатысты салық заңнамасын түсіндіруі басшылық түсіндіруімен сәйкес келмеуі мүмкін. Осыдан, кейбір келісімдерге салық органдары қарсы болуы мүмкін, және Топ компанияларына қосымша салық, үстемақы мен айыппұлдар салынуы ықтимал. Салық тексерістері бес жыл ішінде салық органдары тарапынан құжаттамалық тексеру үшін ашық. Кейбір жағдайларда салық тексерістері бес жылдан астам кезеңді де қамтуы мүмкін.

Компания басшылығы заңнама нормаларын дұрыс түсіндіретіне және Компанияның салық, валюталық және кедендік заңнамасы мәселелерінде ұстанымдарының негізіне сенімді. Басшылық пікірінше, Компания аталмыш шоғырландырылған қаржылық есептілікте қалыптасқан резервтерден асатын ағымдағы және әлеуетті салық арыздары бойынша көп шығындарға батпайды.

### **Сақтандыру**

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы енді ғана дамуда және басқа елдерде кең тараған көптеген сақтандыру түрлері Қазақстанда жоқ. Компания өзінің өндірістік ғимараттары, үшінші тұлғалар алдында қызметтің немесе міндеттемелердің тоқтауынан шығындарға батуы, Компания апаттар немесе операциялар салдарынан жылжымайтын мүлік немесе қоршаған ортаға келетін зардаптан толық сақтандырылмаған. Компанияның толық сақтандыруы жоқ, тек жеке активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Компания қызметі мен қаржылық жағдайына біршама кері әсерін тигізеді деген қауіп бар.

### **Сот даулары**

Компания қарапайым қызметті жүзеге асыру барысында қалыптасқан кейбір басқа сот процестеріне қатысады. Басшылық пікірінше, қазіргі таңда Компанияның болашақ қаржылық жағдайына біршама кері әсер етуі мүмкін қандай да бір ағымдағы басқа сот процестері немесе басқа аяқталмаған шағымдар нәтижесі жоқ.

## **23 Санаттар бойынша қаржылық құралдар**

Қаржылық құралдар бойынша есептік саясат тұжырымдары төменде аталған баптарға қолданылды:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Ескер ту</b>	<b>31 желтоқсан 2015 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2014 ж.</b>
Ақшалай қаржы мен олардың баламалары	11	6,635,292	9,280,080
Кредиттік мекемелердегі ақшалай қаражат	10	26,626,827	24,831,080
Қаржылық дебиторлық берешек	9	2,103,822	1,090,729
Алынатын дивиденттер	10	2,634,314	2,682,238
Несиелер және берілген қаржылай көмек	7	64,947,706	37,606,768
<b>Барлық қаржылық активтер</b>		<b>102,947,961</b>	<b>75,490,895</b>
Несиелер	13	248,501,216	234,556,854
Қаржылық несие қарызы	15	2,826,048	384,955
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>		<b>251,327,264</b>	<b>234,941,809</b>

## 24 Қаржылық тәуекелдерді басқару

### Қаржылық тәуекел факторлары

Компания қызметі оны бірқатар қаржылық тәуекелдерге әкеледі: нарықтық тәуекел (оның ішінде валюталық тәуекел, пайыздық мөлшерлеме өзгерісінің әсер ету тәуекелі), несиелік тәуекелі және өтімділік тәуекелі. Компания деңгейіндегі тәуекелдердің басқару бағдарламасы қаржылық нарықтардың белгісіздігіне және Компанияның қаржылық нәтижелеріне кері әсер етуді максималды түрде қысқартуға бағытталған. Компания тәуекелге ұшырауды хеджирлеу үшін қаржылық құралдарды пайдаланбайды.

Компанияның тәуекелдерін басқару қаржылық тәуекелдерге қатысты, операциялық және заңдық тәуекелдерге қатысты жүзеге асырылады. Қаржылық тәуекелдерді басқарудағы негізгі міндет - тәуекел лимитін анықтау және белгіленген лимиттерді сақтауды қамтамасыз ету болып табылады. Операциялық және заңдық тәуекелдерді басқару операциялық және заңдық тәуекелдерді азайту мақсатында ішкі регламенттер мен процедураларды дұрыс сақтауды қамтамасыз етуі қажет.

### (а) Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – бұл Компанияда сатып алушылардың немесе контрагенттердің қаржылық құралдар жөніндегі өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауынан пайда болатын қаржылық шығын тәуекелі.

Қазақстандық мың теңгемен	Рейтинг	31 желтоқсан 2015 31 желтоқсан 2014	
		ж.	ж.
Қаржылық дебиторлық берешек	Жоқ	2,103,822	1,090,729
Алынатын дивидендтер	Жоқ	2,634,314	2,682,238
Берілген несиелер мен қаржылай көмек	Жоқ	64,947,706	37,606,768
Ақша қаражаты және олардың баламалары:			
Центр Кредит Банкі	Ва2 (тұрақты)	5,656	6,964
Халық Банкі	Ва2 (жағымсыз)	2,001,971	7,361,790
Казкоммерцбанк	В3 (жағымсыз)	895,588	1,151
АТФ банк	Саа2 (жағымсыз)	8,739	4,428
Астана Банкі	В2 (тұрақты)	3,400,100	-
Цесна банк	В1 (тұрақты)	323,238	1,811,869
Асыл-Инвест	Жоқ	-	101
ВСС Invest	Жоқ	-	9,682
Барлық ағымдағы банктік шоттағы қаражат		6,635,292	9,195,985
Кредиттік мекемелердегі қаражаттар:			
Казкоммерцбанк	В3 (жағымсыз)	-	11,084,709
РВК	В2 (тұрақты)	9,335,814	2,370,550
Альянс банк	В (жағымсыз)	-	1,895,971
АТФ банк	Саа2 (жағымсыз)	5,215,213	-
Еуразиялық банк	Саа1 (жағымсыз)	51,235	-
Qazaq Banki	В3 (тұрақты)	6,630,195	-
Астана Банкі	В2 (тұрақты)	14,167	-
Банк Центр Кредит	Ва2 (тұрақты)	-	52,355
Темірбанк	В2 (жағымсыз)	-	2,370,550
Цеснабанк	В1 (тұрақты)	5,380,203	6,382,250
Капитал Банк	В3 (жағымсыз)	-	674,695
Барлық кредиттік мекемелердегі қаражаттар		26,626,827	24,831,080
<b>Барлық несиелік тәуекелге ең жоғарғы бой алдыру</b>		<b>102,947,961</b>	<b>75,406,800</b>

**24 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**(б) Жойылу тәуекелі**

Жойылу тәуекелі – бұл Компанияда ақша қаражаттарын немесе басқа қаржылық активтерді беру арқылы есеп айырысуды жүзеге асыру барысында қаржылық міндеттемелердің орындалуында пайда болатын қиындықтар. Жойылуды басқаруға Компанияның көзқарасы Компания беделін тәуекелге бой алдырмай, қолайсыз шығындарға жол бермей, қалыпты жағдайдағы сияқты қауырт жағдайларда да өз міндеттемелерін мерзімінде өтеу үшін жеткілікті жойылған қаражаттардың үнемі болуын мүмкін болғанынша қамтамасыз етумен түсіндіріледі.

Төмендегі кестеде шарт талаптарында қарастырылған өтеу мерзімдерінің соңына дейін есеп беру күніне қалдырылған, мерзімі көрсетілген өтеу мерзімдері бойынша бөлінген Компанияның қаржылық міндеттемелеріне талдау көрсетілген.

	<b>Талап етуге дейін және 1 айдан аз уақыт мерзімінде</b>	<b>1 айдан 3 айға дейін</b>	<b>3 айдан 12 айға дейін</b>	<b>12 айдан 5 жылға дейін</b>	<b>5 жылдан жоғары</b>
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>					
<i>31 желтоқсан 2015 жыл</i>					
Несиелер	79,231	11,838,835	5,123,191	20,637,783	130,811,092
Еурооблигациялар бойынша міндеттемелер	-	-	6,365,063	169,735,000	-
Басқа кредиторлық берешектер және аударылған міндеттемелер	-	2,826,048	-	-	-
Қаржылық кепілдіктер	-	-	1,221,949	8,978,705	22,463,887
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>	<b>79,231</b>	<b>14,664,883</b>	<b>12,710,203</b>	<b>199,351,488</b>	<b>153,274,979</b>
<i>31 желтоқсан 2014 жыл</i>					
Несиелер	799,000	756,188	11,540,832	11,905,545	130,811,092
Еурооблигациялар бойынша міндеттемелер	-	-	3,099,415	91,174,998	-
Басқа кредиторлық берешектер және аударылған міндеттемелер	-	1,355,649	-	-	-
Қаржылық кепілдіктер	-	-	669,981	4,250,100	17,750,070
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>	<b>799,000</b>	<b>2,111,837</b>	<b>15,310,228</b>	<b>107,330,643</b>	<b>148,561,162</b>

## 24 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### (в) Нарықтық тәуекел

#### Валюталық тәуекел

Компанияның кейбір несиелері (13-ескерту) және алуға шектеу қойылған ақша қаражаты (11-ескерту) шетелдік валютада (АҚШ долларында және еуро) көрсетілген, сондықтан Компания валюталық тәуекелге бой алдырған. Қазақстан нарығында өндірілген ерікті қаржылық құралдарды таңдау шектеулі болғандықтан, және мұндай құралдар қымбат болып есептелетіндіктен, басшылық Компанияның валюталық тәуекелін хеджерлеуді шешті, өйткені мұндай құралдардан алынатын пайда сәйкес шығындарды жаппайды. Осыған қарамастан, Компания болашақта немесе қажет болған жағдайда хеджирлеу құрылымын енгізу үшін, қаржылық туынды нарығындағы өзгерістерді қадағалап отыруды жалғастырады.

Төмендегі кестеде шетел валютасында көрсетілген активтердің жалпы сомасы мен валюталық тәуекелдерге бой алдыруға әкеп соғатын міндеттемелері көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>АҚШ доллары</b>	<b>Евро</b>	<b>Басқа валюталар</b>	<b>Барлығы</b>
<i>31 желтоқсан 2015 жыл</i>				
Активтер	40,567,395	28,122	116	40,595,633
Міндеттемелер	(170,040,908)	(25,899)	-	(170,066,807)
<b>Таза позиция</b>	<b>(129,473,513)</b>	<b>2,223</b>	<b>116</b>	<b>(129,471,174)</b>
<i>31 желтоқсан 2014 жыл</i>				
Активтер	37,683,975	27,815	983	37,712,773
Міндеттемелер	(91,289,137)	(2,064)	-	(91,291,201)
<b>Таза позиция</b>	<b>(53,605,162)</b>	<b>25,751</b>	<b>983</b>	<b>(53,578,428)</b>

2015 жылғы 31 желтоқсанда, егер теңгенің курсы АҚШ долларының курсына қарсы 60% әлсіреген болса, барлық ауыспалы жайттар өзгермеген жағдайда салық салынғаннан кейінгі жыл ішіндегі пайда, негізінде, АҚШ долларымен көрсетілген несиелерді ауыстыру бойынша курс айырмашылығынан келген шығын нәтижесінде 77,684,108 мың теңгеге азайған болар еді (31 желтоқсан 2014 ж.: 32,163,097 мың теңгеге азайған болар еді)

2015 жылғы 31 желтоқсанда, егер теңгенің курсы АҚШ долларының курсына қарсы 20% күшейген болса, барлық ауыспалы жайттар өзгермеген жағдайда салық салынғаннан кейінгі жылдық пайда, негізінде, АҚШ долларымен көрсетілген несиелерді ауыстыру бойынша курс айырмашылығынан келген пайда нәтижесінде 25,894,703 мың теңгеге артқан болар еді (31 желтоқсан 2014 ж.: 10,721,032 мың теңгеге артқан болар еді).

2015 жылғы 31 желтоқсанда, егер теңгенің курсы Еуро курсына қарсы 60% әлсіреген болса, барлық ауыспалы жайттар өзгермеген жағдайда салық салынғаннан кейінгі жыл ішіндегі пайда 1,334 мың теңгеге артқан болар еді (31 желтоқсан 2014 ж.: 15,451 мың теңгеге азайған болар еді).

2015 жылғы 31 желтоқсанда, егер теңгенің курсы Еуро курсына қарсы 20% күшейген болса, барлық ауыспалы жайттар өзгермеген жағдайда салық салынғаннан кейінгі жыл ішіндегі пайда 445 мың теңгеге азайған болар еді (31 желтоқсан 2014 ж.: 5,150 мың теңгеге азайған болар еді).

#### Пайыздық мөлшерлемені өзгерту тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі көбінесе несиелер мен несиелерді, не олардың әділ құнын (сыйақының бегленген мөлшерлемесі бар несиелік міндеттемелер), не олар бойынша болашақ ақша ағымын (сыйақының ауыспалы мөлшерлемесі бар несиелік міндеттемелер) өзгерте отырып, тартуға әсер етеді. Компания Басшылығында сыйақының белгіленген және ауыспалы несиелерінің арасындағы Компанияның пайыздық тәуекелдері қандай қатынаста орналастырылу керек екені жайлы ресми бекітілген саясаты жоқ. Бірақ жаңа несиелер мен несиелерді тартқанда, басшылық өзінің кәсіби пікірінің негізінде өтеу мерзімі басталғанша күтілетін кезең бойы Компания үшін белгіленген немесе ауыспалы мөлшерлеменің қайсысы неғұрлым пайдалы болатыны туралы сұрақты шешеді.

## 24 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Капиталды басқару

Капиталды басқарудағы Компанияның міндеттері - капитал құнын төмендету үшін капиталдың оңтайлы құрылымын қолдауда және акционерлерді және басқа мүдделі тараптарды пайдамен қамтамасыз ету үшін үздіксіз қызмет ету қағидасына сәйкес, Компанияны өз қызметін жалғастыруды қамтамасыз ету болып табылады. Капитал құрылымын қолдау және түзету үшін Компания акционерлерге төленетін дивиденттер сомасын түзете алады, акционерлерге капиталды қайтарып бере алады немесе қарыз қаражаттарын азайту үшін активтерді тарата алады. Компания саладағы басқа компаниялар сияқты меншік және несиелі капиталы қатысының негізінде капитал мониторингін өткізеді. Мұндай ара қатынас капиталдың жалпы сомасына бөлінген таза несиелі қаражаттары ретінде анықталады. Таза несиелі қаражаттары ақша қаражаты мен олардың баламаларын алып тастағандағы қарыздың жалпы сомасы (шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген «қысқа мерзімді несиелер» және «ұзақ мерзімді несиелерді» қоса алғанда) ретінде анықталады. Капиталдық жалпы сомасы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген «Жиынтық капитал» мен таза қарыз қаражаттарының қосындысы ретінде анықталады.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	<b>Ескерту</b>	<b>31 желтоқсан 2015 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2014 ж.</b>
Барлық несиелер	13	248,501,216	234,556,854
<i>Минус:</i>			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	11	(6,635,292)	(9,280,080)
Таза несиелі қаражаттары		241,865,924	225,276,774
Барлық меншік капитал		407,378,148	377,218,211
Барлық капитал		649,244,072	602,494,985
<b>Несие және меншік капиталдардың қатынасы</b>		<b>59.37%</b>	<b>59.72%</b>

## 25 Қаржылық құралдардың әділ құны

### Әділ құнды бағалау

Әділ құн, мүдделі тараптар арасындағы ағымдық операция барысында қаржылық құралды еріксіз сату немесе жою жағдайларынан басқа жағдайларда, айырбасталуы мүмкін болатын соманы көрсетеді. Әділ құнның ең дұрыс дәлелі - белсенді нарықтағы қаржылық құралдардың котировкасы болып табылады. Компания қаржылық құралдың бағаланатын әділ құнын қолда бар нарықтық ақпараттар (олар бар болғанда) мен бағалаудың тиісті әдістерімен есептейді. Бірақ әділ құнды анықтау мақсатында нарықтық ақпараттарды түсіндіру үшін кәсіби пікірлерді қолдану керек. Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда, ал экономикалық жағдай қаржы нарығында белсенділік көлемін шектеуді жалғастыруда. Нарықтық котировкалар ескірген болуы мүмкін немесе сату құны төмен бағамен көрсетілуде, және осыған байланысты қаржылық құралдардың дәл құнын көрсетпеуі де мүмкін. Қаржылық құралдардың әділ құнын анықтағанда, басшылық қолда бар барлық нарықтық ақпараттарды пайдаланады.

### Амортизациялық құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Реттелген пайыздық мөлшерлемесі бар құралдардың бағалаушылық әділ құнын өтеуге дейінгі ұқсас несиелік тәуекелдері мен мерзімі бар жаңа құралдар үшін әрекет ететін, пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған, бағаланатын ақша ағымын алуға күтілетін сомалар негізінде анықталады. Дисконттау мөлшерін қолдану контрагенттің несиелік тәуекеліне тәуелді. Қаржылық дебиторлық берешектің, ақша қаражаттарын және олардың баламаларын және басқа қаржылық қысқа мерзімді активтердің теңгерімдік құнын өтеу мерзімінің қысқалығына байланысты, шамамен оның әділ құнына тең.

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2015 жылғы 31 желтоқсан**

**25 Қаржылық құралдардың әділ құны (жалғасы)**

**Амортизациялық құн бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер**

1 деңгейдегі несиелер әділ құны нарықтық бағамен белгіленген.

Белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың бағаланатын, нарықтық котировкалары жоқ әділ құны ұқсас несиелік тәуекелдері мен өтеу мерзімі бар жаңа құралдар үшін әрекет ететін пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, бағаланатын ақша ағымына байланысты анықталады. Қаржылық кредиторлық берешектің теңгерімдік құнын өтеу мерзімінің қысқалығына байланысты, ол шамамен оның әділ құнына тең.

Төменде әділ құнының деңгейі бойынша талдауы әділ құн иерархиясымен және әділ құны бойынша бағаланбайтын активтер мен міндеттемелердің қалдық құны көрсетілген.

Қазақстандық мың теңгемен	31 желтоқсан 2015 ж.				31 желтоқсан 2014 ж.			
	1 деңгей Әділ баға	2 деңгей Әділ баға	3 деңгей Әділ баға	Теңгерім- дік баға	1 деңгей Әділ баға	2 деңгей Әділ баға	3 деңгей Әділ баға	Теңгерім- дік баға
<b>АКТИВТЕР</b>								
Ақша қаражаты және олардың баламалары	-	-	6,635,292	6,635,292	-	-	9,280,080	9,280,080
Депозиттер	-	-	26,626,827	26,626,827	-	-	24,831,080	24,831,080
Қаржылық дебиторлық қарыз	-	-	2,103,822	2,103,822	-	-	1,090,729	1,090,729
Алынатын дивидендтер	-	-	2,634,314	2,634,314	-	-	2,682,238	2,682,238
Берілген несиелер	-	-	57,927,506	57,927,506	-	-	5,303,280	5,303,280
Облигациялар	6,835,820	-	-	7,020,200	32,176,017	-	-	32,303,488
<b>Барлық қаржылық активтер</b>	<b>6,835,820</b>	<b>-</b>	<b>95,927,761</b>	<b>102,947,961</b>	<b>32,176,017</b>	<b>-</b>	<b>43,187,407</b>	<b>75,490,895</b>
<b>Міндеттемелер</b>								
Несиелер	164,224,827	-	69,059,547	248,501,216	90,765,407	-	139,819,627	234,557,448
Қаржылық кредиттік берешек	-	-	2,826,048	2,826,048	-	-	384,985	384,985
Берілген қаржылық кепілдіктер	-	-	906,277	906,277	-	-	970,664	970,664
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>	<b>164,224,827</b>	<b>-</b>	<b>72,791,872</b>	<b>252,233,541</b>	<b>90,765,407</b>	<b>-</b>	<b>141,057,924</b>	<b>235,913,097</b>

**26 Есеп беру күнінен кейінгі жағдай**

2016 жылғы қаңтар және ақпан ішінде Компания «Балқаш ЖЭС» АҚ үлесін 39.2% дейін арттырды.